


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚМҚК «ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ КОЛЛЕДЖІ»

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КАРТОГРАФИЯЛАУ  
пәнінен

0701000 «Геологиялық суретке тусіру, пайдалы  
казба кенорындарын іздеу мен барлау»  
мамандығы бойынша

БАЗАЛЫҚ КОНСПЕКТТЕР

 Арнайы пәндер оқытушысы:  
Есенаманов Д.Р. дайындаған  
Геологиялық барлау ӨЦК қаралған  
№1 хаттама  
«26 » 09 2013 ж.  
ГБӨЦК төраға  Москальцева М.С.

Семей қ., 2013 ж.

Базалық (тіректі) конспекттер 2009 жылдың бекітілген жұмыс оку жоспарымен 2011 жылдың бекітілген жұмыс оку бағдарламасына сәйкес күрастырылған.  
Колдануға оку бөлімімен ұсынылды

Оку жөніндегі директордың орынбасары  Савушкина Е.В.

Пәнге берілген жалпы сағат саны: 172. Оның ішінде 38 сағат тәжірибе; 30 сағат – курстық жұмыс

I семестр: \_\_\_\_\_

II семестр: \_\_\_\_\_

III семестр: \_\_\_\_\_

IV семестр: \_\_\_\_\_

V семестр: 112

VI семестр: 60

VII семестр: \_\_\_\_\_

Міндетті бақылау жұмыстар саны: 3 (2 – Vсеместрде, 1 – VI семестрде)

Соңғы бақылау: МБЖ, сынақ, курстық жұмыстық қорғау  
(МБЖ, сынақ, емтихан)

## МАЗМУНЫ

	Бет
<b>Пәннің тақырыптық жоспары .....</b>	<b>4</b>
<b>Кіріспе .....</b>	<b>4</b>
<b>1 бөлім. Құрылымдық геология мен геологиялық карта жасауға кіріспе</b>	
1.1. Геологиялық карта және геологиялық графикалардың басқа түрлері.....	6
1.2. Геологиялық денелердің құрылымдық пішіндерінің жіктелуі.....	13
<b>2 бөлім. Құрылымдық геология</b>	
2.1. Жер қыртысындағы қабатты құрылым .....	16
2.2 тақырып. Тау жыныстардың үйлесімді және үлемсімсіз астасудының құрылымдары.....	20
2.3 тақырып. Қабаттардың көлденең астасауы.....	23
2.4 тақырып. Қабаттардың еністі астасауы.....	25
2.5 тақырып. Тау жыныстрдың қабаттарының қатпарлы бұзылыстары.....	28
2.6 тақырып. Тау жыныстарында жыртылыс бұзылыстары.....	34
2.7 тақырып. Тау жыныстарындағы жарықшақтар.....	38
2.8 тақырып. Тектоникалы емес дислокациялар және шоғінді тау жыныстарының ерекше астасуының пішіндері.....	40
2.9 тақырып. Ингрузивті жыныстардың астасу пішіндері.....	41
2.10 тақырып. Эффузивті жыныстардың астасу пішіндері.....	47
2.11 тақырып. Метаморфты жыныстардың астасу пішіндері.....	55
2.12 тақырып. Жер қыртыстың негізгі құрылымды элементтері.....	57
2.13 тақырып. Карта бойынша аймақтың геологиялық құрылышын жалпы талдау.....	61
<b>3 бөлім. Геологиялық карталау.</b>	
3.1 тақырып. Геологиялық карталаудың мақсаттары мен түрлері.....	63
3.2 тақырып. Геологиялық карталаудың әуе- және ғарыштық әдістері.....	64
3.3 тақырып. Геологиялық түсірімнің дайындау кезеңі.....	65
3.4 тақырып. Геологиялық түсірімнің далалық кезеңі.....	67
3.5 тақырып. Геологиялық түсірімнің тыңғыштықты өндөу кезеңі.....	68
3.6 тақырып. Аймақты геологиялық зерттеулердің кәзіргі мәселелері.....	68
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАР .....</b>	<b>71</b>

**Пәннің тақырыптық жоспары**

№	Бөлімдер мен тақырыптардың атаулары	Сағаттың саны	
		Барлығы	Тәж.сабак тар
1	2	3	4
1	<b>Kіріспе.</b>	4	
2	<b>1 бөлім. Құрылымдық геология мен геологиялық карта жасауға кіріспе</b> 1.1 тақырып. Геологиялық карта және геологиялық графикалардың басқа түрлері.	8	2
3	1.2 тақырып. Геологиялық денелердің құрылымдық пішіндерінің жіктелуі.	4	
4	<b>2 бөлім. Құрылымдық геология.</b> 2.1 тақырып. Жер қыртысындағы қабатты құрылым.	6	
5	2.2 тақырып. Тау жыныстардың үйлесімді және үйлемсімсіз астасудың құрылымдары.	6	
6	2.3 тақырып. Қабаттардың көлденең астасауы	8	4
7	2.4 тақырып. Қабаттардың еністі астасауы.	10	6
8	2.5 тақырып. Тау жыныстрдың кабаттарының қатпарлы бұзылыстары.	10	6
9	2.6 тақырып. Тау жыныстарында жырттылыс бұзылыстары.	10	4
10	2.7 тақырып. Тау жыныстарындағы жарықшақтар.	8	2
11	2.8 тақырып. Тектоникалы емес дислокациялар және шөгінді тау жыныстардың ерекше астасының пішіндері.	6	
12	2.9 тақырып. Интрузивті жыныстардың астасу пішіндері.	8	4
13	2.10 тақырып. Эффузивті жыныстардың астасу пішіндері.	6	2
14	2.11 тақырып. Метаморфты жыныстардың астасу пішіндері.	6	2
15	2.12 тақырып. Жер қыртыстың негізгі құрылымдық элементтері	8	4
16	2.13 тақырып. Карта бойынша аймақтың геологиялық құрылышын жалпы талдау	6	
17	<b>3 бөлім. Геологиялық карталау.</b> 3.1 тақырып. Геологиялық карталаудың мақсаттары мен түрлері.	6	
18	3.2 тақырып. Геологиялық карталаудың әуе- және ғарыштық әдістері	5	1
19	3.3 тақырып. Геологиялық түсірімнің дайындау кезеңі.	4	
20	3.4 тақырып. Геологиялық түсірімнің далалық кезеңі.	5	1
21	3.5 тақырып. Геологиялық түсірімнің тыңғыштықты өндөу кезеңі.	4	
22	3.6 тақырып. Аймақты геологиялық зерттеулердің кәзіргі мәселелері	4	
	<b>Курстық жоба</b>	<b>30</b>	
	<b>Барлығы:</b>	<b>172</b>	<b>38</b>

Кіріспе

Жоспар:

1. Құрылымдық геология геотектоника бөлімі ретінде.
2. Оның басқа ғылымдармен және геологияның өзге бөлімдерімен байланысы.
3. Тәжірибелік маңызы.
4. Геологиялық карталау және картографиялау, олардың мақсаттары мен маңыздылығы
5. Даму тарихы.

### **1. Құрылымдық геология геотектоника бөлімі ретінде.**

Құрылымдық геология – тау жыныстардың жер қыртысындағы жатыс пішіндері мен пайда болу себептерін, дамуын зерттейтін ғылым. Ол, *ГЕОТЕКТОНИКА* деген өте ірі және жалпы болып келетін ғылымның бөлігі болып табылады. *ГЕОТЕКТОНИКА* – жер қыртысының құрылышы мен эволюциясын, оның жекелеген бөліктерінің қозғалыстарын, құрлықтар мен мұхиттардың пайда болуын, жер қыртысы мен Жер шарының тереңдеген қабатарының байланысын зерттейтін ғылым.

Тау жыныстарының жатыс *пішіндері* дегеніміз, жер қыртысын құраушы қарапайым бірліктер (элементтер – қатпарлар, бұзылыстар, қабаттар).

Құрылымдық геологияның екі негізгі мақсаты бар: 1. Тау жыныстар жатыстарының морфологиясын анықтау (пішіні мен өлшемі, жатыс жағдайлары). 2. олардың даму зандалықтарын анықтау.

### **2. Оның басқа ғылымдармен және геологияның өзге бөлімдерімен байланысы**

Өзге оқу геологиялық пәндердің ішінде құрылымдық геология жалпы және тарихи геологияға, палеонтологияға, минералогия мен петрографияға сүйеніп отырады. *Жалпы геологиямен* байланысы геологиялық үрдістермен түсіндіріледі – себебі әрбір жатыс пішіндері қандайда бір үрдістердің нәтижесі болып табылады. Мысалы, қабат геологиялық дene ретінде қарастырсақ, ол шегілудің нәтижесінде пайда болады. Шегілу – экзотектік үрдістердің бірі. *Тарихи геология мен палеонтологияның* мәліметтері жатыс пішіндердің қашан және қандай жағдайда пайда болғанын түсіндіре алады. *Минералогия мен петрография* геологиялық денелердің құрамы мен құрылышын айқындайды.

Құрылымдық геологияның өзі геологиялық карталар жасау үшін негіз болып табылады және басқа пәндердің құрамына еніп отырады – олар: пайдалы қазбалар туралы ілім, пайдалы қазбаларды іздеу және барлаудың әдістемесі, инженерлі геология, гидрогеология.

Сонымен қатар, осы ғылым математика, физика, химия, география пәндерімен байланысты.

### **3. Тәжірибелік маңызы**

Құрылымдық геологияның тәжірибелік мәні өте жоғары. Осындағы өтілетін материалсыз өндірістік тәжірибелерді өту, арнайы курстық жоба мен дипломдық жоба құрып жазу, карта құрып оқу мүмкін емес.

Осындаған жоғары дәрежедегі маңыздылығы оның мақсаттарымен түсіндіріледі. Себебі пайдалы қазбалар денелерінің жер қойнауында орналасуын біту олардың қорларын есептеп, толық игеруге септігін тигізеді.

### **4. Геологиялық карталау және картографиялау, олардың мақсаттары мен маңыздылығы**

Осы пәнде геологиялық карталау немесе түсірім және геологиялық картографиялауды ажыратады. Енді екеуіне жеке тоқталсақ, *Геологиялық карталау* – геологиялық карталарды жасап орындаудың әдістермен оларды тәжірибе жүзінде қолдануды қарастыратын ғылым тармағы. Оның мақсаты – топографиялық негізде белгілі бір жер беткейінің геологиялық картасын масштабта орындау.

Геологиялық карталаудың мәні – табиғи және жасанды ашылымдарды тау жыныстарының құрамын, жасын, пайда болуын, жатыс пішінің анықтау және оларды топонегізде көрсету үшін жүйелі түрде және жан жақты зерттеу. Геологиялық карталау минералды шикізаттың барлық түрлерін іздеумен қоса жүріп отырады. Сонымен қоса геологиялық карталау кезінде пайдалы қазбалардың жер беткейінде және қойнауында орналасуына болжам беріледі.

Геологиялық картографиялау - әртүрлі масштабтағы және мазмұндағы карталарды құрау әдістерін шығаратын картографиялық ғылымдардың тармағы.

Жерасты суларының жатыс жағдайлары мен таралуын анықтау үшін жүргізілетін жұмыстар жыныстыры - гидрогеологиялық картографиялау деп аталады.

Құрылымска қажетті тау жыныстарының қасиеттерін зерттейтін жұмыстар жыныстыры - инженерлі-геологиялық картографиялау.

## 5. Даму тарихы

Тау жыныстар мен минералдардың орналасуын арнайы шартты белгілермен көрсетілген карта ең алғаш рет 1644 жылы Ж. Кулонмен құрастырылды. Одан кейін 1684 ж. Листер тау жыныстарының түрлерін түстермен көрсетуді ұсынды. 1743 жылы Англияда Пакс тау жыныстар түстер және әріпті белгілермен көрсетілген карта құрастырылды. Осы картаға арнайы шартты белгілер де ұсынылған.

Геологиялық жұмыстар көлемінің ұлғаюымен байланысты бірнеше мемлекет галымдары Халықаралық Геологиялық Комитет құруды ұсынды. Оның алғашқы отырысы 1878 ж. Париж қаласында өтті. ХГК-ның екінші отырысы 1881 ж. Болонья қаласында өтті. Осында геохронологиялық бірліктер және геологиялық карталарға арналған шартты белгілер енгізілген. Шартты белгілер осы күндері де жаңартылуда.

Кеңес одағы кезінде геологиялық түсірім қарқын дамыған. 1990 жылға сол уақыттағы ауданның 90% астамы масштабы 1:200 000 геологиялық түсіріммен қамтылған.

### Бақылау сұрақтары:

1. Құрылымдық геология анықтамасы.
2. Құрылымдық геологияның басқа гылымдармен байланысы қандай?
3. Геологиялық, гидрогеологиялық, инженерлі-геологиялық картографиялаудың мақсаттары мен маңыздары қандай болып келеді?
4. Құрылымдық геологияның окуы қалай басталды?
5. Құрылымды геология тұралы оку дамуына қосқан үлестерін галымдар мен зерттеушілерді атаныз.

## 1бөлім. Құрылымдық геология мен геологиялық карта жасауға кіріспе

### 1.1. Геологиялық карта және геологиялық графикалардың басқа түрлері


Жоспар:

1. Топографиялық карталардың масштабтары мен атаужүйелері.
2. Геологиялық картаның түрлері, масштабтары мен мазмұны.
3. Карталардың масштаб бойынша бөлінуі.
4. Стратиграфиялық баған және геологиялық қима.
5. Геологиялық карталарда және қималардағы индекстар мен шартты белгілер.
6. Картаның рамка сыртың безендіру.

#### 1. Топографиялық карталардың масштабтары мен атаужүйелері


Геологиялық карталар топографиялық негізде орындалады. Топонегіз геологиялық түсірім кезінде жергілікті жерді бағдарлау, зерттеу нұктелерін бекіту үшін қолданылады. Топонегіздер ретінде топографиялық карталар қарастырылады.

*Топографиялық карта* дегеніміз, жер беткейінің белгілі бір ауданының, Жердің кисықтығын есепке ала отырып математикалық заңдылықтар бойынша орындалған, кішрейтілген көлденең жазықтықтағы көрінісі. Осындағы объекттер контурларының жиынтығы *ситуация*, ал жер беткейінің кисықтығы – *жербедері* (*рельеф – фр. Relief, лат. Relevo - көтеремін*) деп аталады. Ауданының жербедері көлденең сзықтар (горизонтальдар) арқылы көрсетіледі, олар теніз деңгейінен бірдей биіктікте жатқан нұктелерді қосады.



### 1 - сурет. Жербедерінің моделі

Әдетте карталарда көлденең сзықтар қоныр түспен көрсетіледі. Қажет болған жағдайда, осы сзықтарға перпендикуляр болатын сзықшалар көрсетіледі. Олар сыртқа қарай бағытталса – биік жер бедерінің элементтерін көрсетеді. Осындай сзықшалар *бергштрихтер* (2 сурет) деп аталады.



### 2 - сурет. Жербедері элементтерінің бергштрихтермен көрсетілуі

Картографиялау жұмыстары салыстырмалы түрде ауданы бойынша ірі аймақтарды қамтиды. Осы жұмыстар карталар негізінде орындалады. Әрбір ауданды тез арада карталардан анықтау керек болғандықтан, олардың бөлек беттерінің арқайсысына жеке белгілену енгізілді.

Карталарды осылайша белгілеу карталардың атаужүйесі (номенклатура) деп аталады. Оның негізінде масштабы 1:1 000 000 беттердің халықаралық бөлінуі жатыр.

Масштабы 1:1 000 000 беттерді алу үшін жер шарының беткейін меридиандар арқылы 60 бағанға бөледі. Меридиандар  $6^{\circ}$  сайын ендік бойынша жүргізіледі. Эрбір баған 1-ден 60-қа дейінгі араб сандарымен белгіленеді. Шыққан бағандарды  $4^{\circ}$  сайын өткізілген параллельдер арқылы белдемдерге бөледі. Эрбір белдем латынның бас әрібімен белгіленеді. Осында жолмен шыққан трапеция масштабы 1:1 000 000 карта беті болып табылады. Атаужүйесіне мысал: M – 43.

Масштабы 1:1 000 000 карта бетін төртке бөлуден масштабы 1:500 000 беттер шығады. Осы бөліктер орыс алфавитінің А, Б, В, Г әріптерімен белгіленеді. Яғни осы беттің атаужүйесі 1:1 000 000 бетке аталған әріптің біреуін қосқаннан құралады. Мысалы, M – 43 – Г.

Масштабы 1:1 000 000 карта беті масштабы 1:300 000 болатын тоғыз беттен тұрады. Эрбір бетті римнің I –ден IX –ға дейінгі сандарымен белгіленеді. Атаужүйесі 1:1 000 000 беттің алдына осы сандардың біреуін қоюдан құралады. Мысалы, V – M - 43.

Масштабы 1:200 000 бетті алу үшін 1:1 000 000 карта бетін 36 бөледі. Эрбір бөлігі римдік сандарымен белгіленеді. *Бірақ оның атаужүйесі алдынғы бетпен салыстырғанда 1:1 000 000 атаужүйесінен кейін жазылады.* Мысалы, M – 43 – II.

Масштабы 1:100 000 бетті алу үшін 1:1 000 000 карта бетін 144 бөледі. Эрқайсысы араб сандарымен белгіленеді. Осы беттің атаужүйесі 1:1 000 000 бетке тиісті санды қосудан құралады. Мысалы, M – 43 – 123.

Масштабы 1:100 000 бетті алу үшін 1:1 000 000 карта бетін 144 бөледі. Оның атаужүйесі 1:100 000 беттің атаужүйесіне А, Б, В, Г әріптерінің біреуін қосудан құралады. Мысалы, M – 43 – 123-A.

Масштабы 1:50 000 карта бетінің өзі 1:25 000 төрт беттен тұрады. Олар а, б, в, г әріптерімен белгіленеді. Атаужүйесі 1:50 000 беттің атаужүйесіне тиісті әріпті қосқаннан құралады. Мысалы, M – 43 – 123 – A – v.

Масштабы 1:25 000 карта бетін төртке бөлуден 1:10 000 беттер шығады. Олардың әрқайсысы арабтің 1, 2, 3, 4 сандарымен белгіленеді. Атаужүйесі 1:25 000 атаужүйесіне тиісті санды қосқаннан құралады. Мысалы, M – 43 – 123 – A – v – 2.

Масштабы 1:5 000 жобаны алу үшін 1:100 000 бетті 256-ға бөледі. Осында масштабтағы жобаның атаужүйесі 1:100 000 беттің атаужүйесіне 1-ден 256-ға дейінгі санды жақша ішіне қосудан құралады. Мысалы, M – 43 – 123 – (99).

Масштабы 1:2 000 жобаны алу үшін 1:5 000 бетті тоғызға бөледі. Атаужүйесі 1:5 000 беттің атаужүйесіне а, б, в, г, д, е, ж, з, и әріптерін жақша ішінде қосудан құралады. Мысалы, M – 43 – 123 – (99-д).

#### 1 кесте. ТМД топографиялық карталарының атаужүйесі

Карта масштабы	Беттің мөлшері		Миллиондық картаның бір бетіндегі бет саны	Атаужүйесіне мысал
	Ендік	Бойлық		
1:1 000 000	4	6	1	M-43
1:500 000	2	3	4	M-43-Г
1:300 000			9	V-M-43
1:200 000	40	1	36	M-43-II
1:100 000	20	30	144	M-43-123
1:50 000	10	15	576	M-43-123-A
1:25 000	5	7`30``	2304	M-43-123-A-v
1:10 000	2`30``	3`45``	9216	M-43-123-A-v-2

Топографиялық карталардың масштабы байланысты бөлінуі:

- Географиялық карталар (1:1 000 000-нан ұсақ)
- Топографиялық карталар (1:1 000 000 – 1:10 000)

- Топографиялық жобалар (1:10 000 – ірі)

## 2. Геологиялық картаның түрлері, масштабтары мен мазмұны

Геологиялық карта – жер қыртысының қандайда бір участесінің геологиялық құрылымын белгілі бір масштабта топографиялық негізде, графикалық түрде көлденен жазықтықта бейнелеу.

Карталардың ішінде міндеттілері мен арнайылары ажыратылады.

**Міндеттілерге:** фактілік материал картасы, геологиялық карта, пайдалы қазба орналасу заңдылықтарының картасы жатады.

**Арнайыларға:** тектоникалық, геоморфологиялық, гидрагеологиялық, төрттік шөгінділер, геохимиялық карталар және т.б

Геологиялық карта қалған міндетті карталармен қоса келесі істерде қажет:

1. Жер беткейінің геологиялық құрылышын белгілі бір масштабта көрсету.
2. Пайдалы қазба орналасу заңдылықтарын анықтау және болжамдау.
3. Геологиялық түсірімді және пайдалы қазба іздеуде аудандарды тиімді таңдау.
4. Аймақтық, инженерлік, геологиялық, гидрогеологиялық және топырақ тануға байланысты сұрақтар құру.
5. Ұсақ масштабты жыныстық геологиялық және пайдалы қазба карталарын құру.
6. Арнайы карталарды құру
7. Мемлекеттік болжамдау

Геологиялық карта арнайы шартты белгілер арқылы төменгі белгілер көрсетіледі:

1. Жасы мен құрамына байланысты бөлінген шөгінді магмалық, метаморфты жыныстар орналасу аудандары.
2. Өзгерген алғашқы жыныстар
3. Жасы мен тектік түрін белгілеу арқылы үгілу қыртыстары.
4. Технотектік жыныстар.
5. Пайдалы қазбалардың негізгі денелері және олардың орналасуына қатысты сыйдыруыш жыныстар.
6. Нақтылы дәреже бойынша бөлінген геологиялық объектілер арасындағы шекаралар.
7. Үзілмелі бұзылымдар
8. Басты ұңғымалары мен тауken қазындылары
9. Органикалық қалдықтардың шығу жерлері.

## 3. Карталардың масштабқа байланысты бөлінуі

1. Шолу картасы (1:1000 000-нан ұсақ). Осында құрлықтар, мемлекеттердің геологиялық құрылымы көрсетіледі.

2. Ұсақ масштабты карталар (1:500 000 және одан ұсақ) ірі аймақтардың, жеке мемлекеттерің, тұтас материктің немесе дүние жүзінің геологиялық құрылышы жайлары мағлұматтар береді. Мұнда масштаб көлемінде негізгі топографиялық элементтер (ірі өзендер, елді мекендермен теңіздер нобайы) ғана көрсетіледі.

3. Орта масштабты карталар (1:200 000 – 1:100 000) топографиялық планшеттің жеке беттеріне сәйкестендіріле құрастырылады. Ол сол аймақтың геологиялық құрылышының негізгі ерекшеліктері мен пайдалы қазындыларының болашағы жайлары мағлұматтар береді. Бұл картаның топографиялық негізінде горизонтальдар сиректеледі, негізгі емес қатынас жолдары, елді мекендер және т.б алынып тасталынады.

4. Ірі масштабты карталар (1:50 000 – 1:25 000) жоғарыда аталған сияқты жеке беттер түрінде, нақтылы топографиялық негізде орындалады. Бұл карта ауданның толық геологиялық құрылышын, пайдалы қазындыларының барлық түрін, болашағын айқындаап көрсетеді. Ол жер

бетінің геологиялық құрылышы ғана емес, оның терең қабаттарының құрылышы туралы да мәліметтер бере алады. Бұл картны ауыл шаруашылық құрылышта пайдалануға әбден болады.

5. Дәлдікті масштабты геологиялық карта (1:10 000 және ірілері) арнайы топографиялық негізді пайдаланып құрастырылады. Мұнда кен орны орналасқан ауданның геологиялық құрылышы толық көрсетіліп, пайдалы қазбаның таралу зандалығы, қоры мен игеру жағдайын анықтауға мүмкіндік туады.

#### **4. Стратиграфиялық баған және геологиялық қима**

Зерттелетін ауданның терең қабаттарының геологиялық құрылышын, қабаттардың жасын, қалындығын, бір-бірімен арақатынастарын білу үшін геологиялық қималар түсіріледі. Қима ауданындағы таужыныстары түзетін геологиялық құрылымдарды толық қылп өтуі тиіс. Сонымен қатар ол тектоникалық күрделі, магмалық дene таралған аймақ арқылы өткені жөн болады, сол себепте оның бағыты түзу ғана емес сынған сынықты болуы да мүмкін. Қиманың шартты белгілері тік және көлдененді, масштабтары картанікіне сәйкес болуы тиіс. Қима сзығының шеттері әріптермен белгіленіп, оның батыс, солтүстік-батыс, оңтүстік-батыс және онтүстік бөлігі сол жағында орналасады.

Геологиялық қима түсірілгеннен соң баған жасалынады. Стратиграфиялық бағанада картадағы бөлінген барлық таужыныстары көрсетіледі. Олар бағана бойында жас ретімен, геологиялық қимадан алынған қабат қалындықтарымен үйлестіріле орналастырылады.

Бағанада арнайы шарты белгілер арқылы стратиграфиялық бөлімдер арасындағы байланыс (үйлесімді, үйлесімсіз, паралелльді, бұрыштық) көрсетіледі.

Бағанада тау жыныстары картадағы сәйкес стратиграфиялық бөлімдемелерге бөлшектенеді. Бағаналар масштабы аудандағы жыныстардың жалпы қалындылығына байланысты әртүрлі болып келеді. Негізінде бағананың биіктігі картаның меридиандық биіктігіне сәйкес болғандығы жөн. Ал стратиграфиялық бөлімдерінің қалындығы дайы мәліметтер қабаттар созылымын қылп өтуші қимадан алынады. Сондықтанда, бағанадағы қабаттар қалындығы міндетті түрде олардың геологиялық қимадағысымен парапар болуы тиіс. Бұл қима бағананы өзара тексеру үшін қажет.

#### **5. Геологиялық карталарда және қималардағы индекстер мен шартты белгілер**

Тау жыныстарының жасы, құрамы мен тегі геологиялық карталарда шартты белгілер көмегімен көрсетіледі. Шартты белгілер 3 түрлі болады:

Түрлі-түсті бояулар – шөгінді, вулканогенді және метаморфты жыныстардың жасын, ал интрузивтілердің құрамын бейнелеу үшін қолданылады.

Штрихты белгілер – таужыныстар құрамын, ал біртүсті геологиялық карталар үшін қосымша жасы мен құрамын көрсетеді.


Әріпті және цифрлі белгілер – таужыныстар жасы мен тегін, ал интрузивті, кейбір вулканогенділер үшін құрамын көрсетеді.


Шөгінді, вулканогенді және метаморфты жыныстарды картада белгілейтін индекстер кіші және үлкен, латын алфавитінен грек алфавитінің әріптеріне нжәне цифрларынан тұрады. Алдымен үлкен немесе үлкен мен кіші латын әріптерінен жүйе жазылады. Жүйенің бөлімі оның төменгі оң жағында араб цифрімен көрсетіледі. Ярустың қысқартылған атының индексі бір немесе екі латынның кіші әріпімен құрастырылады, ал оның бөлімдері араб цифрімен белгіленеді.

$$D_3fr_1$$

Оқылуы – Соңғы девон жүйесінің фран қабатының төменгі подярусы.

**6. Картаның рамка сыртың бәзендіру**





## 1.2 тақырып. Геологиялық денелердің құрылымдық пішіндерінің жіктелуі.

Жердің жасы 4,6 млрд жыл деп саналады, ал жер қыртысы мөлшерлей 4 млрд жыл бойы түзіліп келеді. Осы ұзақ уақыт бойы қазіргі құрлықтық құрылымдар мен оларды бөліп жатқан мұхиттар түзілген. Құрылымдық геологияның зерттеу объектісі ретінде құрлықтық жер

қыртысы қарастырылады; ал мұхиттық жер қыртысы «Геотектоника» курсында қарастырылады.

Құрлықтардың түзілудің екі бөлек кезең ажыратылады: палеохрон және неохрон. Олардың арасындағы шекараны 1,65 млрд жыл шамасында қарастырады. Палеохрон архей, палеопротерозой және мезопротерозойды бірліктіреді. Неохрон – неопротерозой мен фанерозойды.

Палеохронда негізінде құрлықтардың граниттігейсті іргетастары қаланған. Палеохронның бүкіл тарихында белсенді жанартаулық үрдістер жүрген. Олардың ішінде негізгі құрамды вулканиттер басым болып, қышқыл және сілтілері аз дамыған.

Палеохронда қалыптасқан тау жыныстарының алғашқы қарапайым жатыс пішіндері уақыт өте тектоникалық қозғалыстардың әсері мен метаморфизм үрдістерінен қатты өзгеріске ұшырады. Қазіргі жер қыртысында олар көптеген қатпарлықтар мен үзілімдерді құрайды.

Неохронда пайда болған тау жыныстары өзгерістерге анағұрлым азырақ ұшыраған. Сондықтан олардың жатыс пішіндерін қарастыру оңай және жеңілрек болып табылады.

Неохрондық жыныстардың арасында шөгінді жыныстардың өзгерістерге аз ұшырағандары кездеседі. Аз мөлшерде құрлықтық түзілімдер дамыған. Сирек жанартаулы түзілімдер кездеседі, олардың басым көшілігі негізді және орта құрамды. Интрузивті жыныстар палеохрондағыдай қарқын дамыған. Граниттер басым болып табылады. Неохрондағы жер бетіне шыққан граниттердің саны уақыт аралығында кеміт отырған, миоцен мен төрттік уақытта граниттер тілпі кездеспейді.

Шөгінді жыныстар дамыған аймақтарда олардың әртүрлі жатыстағы облыстары айқын байқалады. Платформалардың тыстарында тау жыныстары көбінесе көлденен, немесе аз мөлшердегі еңіспен жатады. Қатпарлы жатыстардың басым көшілігі геосинклинидерге тән.

Жоғарыда айтылғаннан келесі тұжырымға келуге болады: шөгінді жыныстардың арасында көлденен, еңісті, қатпарлы жатыс ажыратылады. Кез келген жатыста олардың біркелкілігі жарықтар немесе үзілімдермен бұзылуы мүмкін. Аталған бұзылыстар тау жыныстардың арасында сидирушы орталарды қалыптастырады. Осы орталарда пайдалы қазбалардың эндотектік түрлері шоғырлануы мүмкін. Неохронның жанартаутектік жыныстары көлденен, еңісті немесе қатпарлы жатыста болуы мүмкін. Олар шөгінді жыныстармен қабаттасып жатады.


Тау жыныстарының жатыс пішіндерін сипаттамас бұрын, олардың алғашқы жатыстан ауытқу жағдайларын, яғни еңісті, қатпарлы жатысқа айналуының немесе жарықшақталанып үзілудің физикалық негіздерін – деформацияларын қарастыру қажет.

### Деформациялардың түрлері және олардың тау жыныстарында байқалуы

Жер қыртысында тау жыныстары әр түрлі құштер әсер етеді, осы құштердің көрсеткіші жеткілікті болғанда тау жыныстарында деформация пайда болады, яғни олардың пішіні немесе көлемі бірге өзгереді. Әсер етіп жатқан құштер тоқтаусыз өтіп жатса, тау жыныстарының беріктігінен асып кетсе, онда тау жыныстарында жарықшақтар пайда болып бұзылды. Тәжірибе жүзінде көрініс байқалған: Егерде тау жыныстары аз уақыт ішінде қатты құшпен әсер етсе, олар тек қана бұзыла алады, ал егер құштер ұзак уақыт бойы әсер етсе онда тау жыныстары қатты күйде үзілімдердің пайда болуының ағынға ұшырайды. Осылайша қатпарлар, кливаж және басқада формациялар қалыптасады.

Деформация түрлері:

1. Созылу
2. Сығылу
3. Жылжыма
4. Майысу және иілу
5. Бұралу



**7 сурет. Деформациялардың түрлері:**  
**а) сығылу; ә) созылу; б) бұралу; в) жылжу; г) майысу**

Тау жыныстарындағы деформация сыртқы және ішкі бола алады  
 Деформация кезінде 3 ізбасарлық сатыдан өтеді:

1. Серпімділік
2. Пластикалық
3. Бұзылу

Серпімділік – белгілі-бір сыртқы күш әсерінен өз пішінін өзгертуі , сыртқы күш әсер етпей қалған жағдайда өз пішініне қайта келуі.

Пластикалық – белгілі бір күш әсерінен өзінің пішінін өзгертуі, белгілі бір күш әсерінен қайта өз қалпына келуі.

Бұзылу - белгілі бір күш әсер еткенде өз қалпын сақтамай бұзылып кетеді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Құрылымдық геологияның негізгі оқу объектісі не болып келеді?
2. Жер қыртысының қалыптасу уақыты.
3. Палеохрон мен неохронның негізгі айырмашылықтары.
4. Палеохрон мен неохрон қандай уақыт аралықтарын қамтиды?
5. Граниттер қандай уақытта мүлдем қалыптаспаған? Неге?
6. Деформациялардың түрлерін атау және сипаттау.

## 2 бөлім. Құрылымдық геология

### 2.1. тақырып. Жер қыртысындағы қабатты құрылым

Жоспар:

1. Қабат үғымы және оның сипаттамасы.
2. Қабаттылықтың пішіндері.
3. Қабаттылықтардың арақатынастық жағдайлары
4. Қат-қабатталудың бетінің құрылышы


Пайда болуы шөгінді болып табылатын, беткейі оның қалындығынан асатын тақта тәріздес геологиялық дене – қабат деп аталады.

Табаны – көбінесе қабаттың төменгі беті және ең көне бөлігі.

Жабыны – қабаттың жоғарғы беті және ең жас бөлігі.

Қалындығы – табанымен жабыны арасындағы арақашықтық.

Кез келген қабат шексіз болмайды. Әртүрлі себептен оның қалындығы бірте-бірте сүйірлене тамамдалып, не бірден жойылады.



8 – сурет. Қабаттың элементтері мен сүйірлене тамамдалудың түрлері

- 1) қабаттың элементтері; 2) қысылым; 3) линзатәрізді; 4) бірте; 5) таскелбетті;
- 6) денудациялық; 7) күрг; 8) тектоникалық

Шөгінді тау жыныстарын зерттеудегі маңызыды мақсаттарының бірі – олардың жаратылуын анықтау. Шөгінді тау жыныстарының пайда болуы туралы үғым көпжақты. Осы үғым бес негізгі аспекттен тұрады.

1. Жиналу әдісі, яғни болашақ жынысты құрайтын шөгіндінің жиналудын негіздеген геологиялық үрдіс.
2. Шөгіндінің жиналу физикалық-географиялық және физикалық-химиялық жағдайлары (құрлықтық немесе сулы орта, жербедері, климат, тереңдік, температура, тұздылық).
3. Зат көзі. Ол аугитекті, яғни осы ортада пайда болған (хемотекті, биотекті) және аллотекті, яғни седиментация бассейніне өзге жақтан әкелінген.
4. Зат шоғырлануының палеогеографиялық және палеотектоникалық жағдайлары (үгілу, вулканизм, климат).

5. Шөгіндінің және кейін тау жынысының постседиментациялық жер қыртысындағы өзгерістері. Олар температура және қысым әрекетінен жүреді.

## 2. Қабаттылықтың пішіндері

Қабаттылықты зерттеу кезінде қабаттардың сыртқы пішіні мен қалындығына ерекше қоңіл бөлген жөн. Себебі олар шөгінді түзу ортасының жылжу бағытын көрсетеді. Қабаттылық 4 негізгі пішіндерге бөлінеді:


**1. Паралелльді** қабаттылық қабаттасу беттерінің құрылышы жазықтыққа ұқсас болып келеді. Ол шөгінді жиналған ортаның аз қозғалышты, тіпті тыныш жағдайда болғандығын кепілдейді. Мұндай жағдайлар көлдер мен теңіздердің толқын әсерінен төмен орналасқан, су қозғалышы аз байқалатын бөліктерінде кездеседі. Қабаттылықтың қалыптасуының негізгі себебі, шөгінді материалының мөлшері мен көлемі.

**2. Толқынды** қабаттылықта қабат беттері толқындалып иілген болып келеді. Ол су қозғалышы бағытының кезеңдік ауысуы мен қайталануы жағдайында, яғни қайту мен толысуағысы мен теңіз жағалауларындағы шымырлану кезінде пайда болады, қиғашты толқынды қабаттылық әолды шөгінділер арасында, әсіресе бархандар қозғалышына перпендикуляр бағытта орналасады.

**3. Қиғашты** қабаттылық қабат беттері арасындағы қабатшалар әр түрлі бұрыштармен орналасады. Қабаттылықтың бұл түрі шөгінді ортасының бір бағытты қозғалышы нәтижесінде пайда болады, мысалы өзен, тасқын, теңіз ауа ағысы

Пайда болу жағдайларына байланысты қиғашты қабаттылықтың диагональді, киылысты, сына тәріздес, көпқабатты қиғаш түрлері бөлінеді.

**4. Линза тәріздес** қабаттылық – сыртқы пішінінің әртүрлілігімен жеке қабаттар қалындығының өзгергішлігімен сипатталады. Мұндайда қабат көбінесе сүйрлене тамамдалады да жеке бөліктермен линзаларға бөлінеді.



*9 сурет: Қабаттылықтың түрлөрі ( Е.П.Брунс бойынша )*

- 1- паралельді;
- 2- линза тәрізді;
- 3- толқынды;
- 4- 8 қигаш қабаттылық;
- 4- диагональды ( уақытша тасқындар шөгінділері );
- 5- қылышты ( теңіз ағысы кезінде пайда болғандар );
- 6- сына тәрізді ( әолды шөгінділер );
- 7- көпқабатты қигаш ( өзен шөгінділері );
- 8- диагональды ( атыраулық шөгінділер ).

### 3. Қабаттылықтардың арақатынастық жағдайлары


Жеке қабаттар арасындағы байланыс және олардың өзінен бұрын қалыптасқан ортасымен қарым – қатынастығына қарай шөгінді жыныстар жатысы 3 түрге бөлінеді: трансгрессивті, регрессивті, миграциялық.

Осылардың ішіндегі ең кең тарағаны трансгрессивті (10-а сурет). Ол жер бөлігінің ұзак уақыт ойыстарынан төмендеуінен соң қалыптасып бүкіл ауданды қамтыған жас шөгінділерге қарағанда аз болып келеді.

Сөйтіп ойыстар мен иінді ойыстардың орталық бөліктерінде жас шөгінділердің көнелер үстіне бірте-бірте шөгінделуін байқаймыз. Ойыстардың шеткі жақтарына қарай оның табанына қабаттардың төменгі бөліктері емес жоғарғысы орналасады, ал бұл жағдай көне негіздер үстіне жас жыныстардың бірден орналасуына әкеп соғады.

Регрессивті жатыс типі. Бұрын пайда болған қабаттарға қарағанда кейінгілердің таралу ауданының бірте-бірте азаюы (10-б сурет).


Мұндай жағдай ойыстардың салыстырмалы тез арада төмендеуі немесе отыруы мен олардың ұзак уақыт бойы шеткі бөліктерінің немесе өнене бойының көтерілуі жағдайында туады.



10-сурет Трансгрессивті (а, қабаттар 1-4) және регрессивті (б, қабаттар 7-5) кешіндер құрылышының сұлбасы.  
Нүктелі жазықтық үйлесімсіздік беті. (М.В.Мұратов бойынша)

Трансгрессивті мен регрессивті жатыс типтерін толық талдау үшін таскелбеттер таралуы мен қарым - қатынасын зерттеу қажет. Кейде трансгрессивті сериялар бір кимада қосарланып келеді.

Миграциялық жатыстар типі шөгінді қабаттардың бір бағытта жиылу облысына қарай біртіндеп аудысумен ерекшеленеді.



11 - сурет. Миграциялық кешіндер құрылышы ( М.Мұратов бойынша )

#### 4. Қат-қабатталудың бетінің құрылышы

Қабатталудың беткейлік ерекшеліктерін зерттеу негізінде шөгінді қабаттардың жаратылуын және жатыс жағдайларын анықтауға болады. Осындағы ерекшеліктерге қазба бұжырлану белгілері (знаки ряби), алғашқы жарықшактар, әртүрлі ағзалардың өмір сүру іздері, жауын – шашын іздері және т.б. жатады.

##### Бақылау сұрақтары:

1. Қабат анықтамасы және оның элементтері.
2. Сүйірлене тамамдалу және оның түрлері.
3. Шөгінді тау жыныстарының пайда болу аспекттері.
4. Қабаттылықтың пішіндері.
5. Трансгрессивті жатысты сипаттау.
6. Регрессивті жатысты сипаттау.
7. Миграциялық жатыс.
8. Қабатталудың беткейлік ерекшеліктері.

## 2.2. Тау жыныстарының үйлесімді және үйлесімсіз астасуының құрылымдары

Жоспар:

1. Стратиграфиялық үйлесімсіздіктер
2. Тектоникалық үйлесімсіздіктер
3. Үйлесімсіздік беттерінің құрылышы
4. Үйлесімсіздіктерді анықтау белгілері


Қабатты жыныстардың жатыс арақатынастарының екі жағдайы болады. Біріншісі – стратиграфиялық горизонт түзуші үстіңгі қабатта немесе қабаттар кешені шөгінделу кезінде ешбір үзіліссіз, өзінен төмен орналасқан қабаттар үстінде орналасады. Ол қабаттардың шөгінделуінің үзіліссіз болғандығын, яғни бір-біріне үйлесімсіз жатқанын көрсетеді. Аталған қабаттар арасындағы заңды реттілік бұзылса, үйлесімсіздік пайда болады. Олардың пайда болу себептері әртүрлі. Олар: а) шөгінді түзуге ыңғайлы жағдайдың бұзылуы, б) бұрын пайда болған шөгіндердің шайылуы, в) тектоникалық қозғалыстар әсерінен кейбір қабаттардың басқа жаққа ауысуы жатады.

Алғашқы жағдайларда үйлесімсіздіктің стратиграфиялық, ал соңғысында тектоникалық атты түрлері пайда болады.


### 1. Стратиграфиялық үйлесімсіздіктер

Олар өз кезегінде үйлесімсіздік бұрышы мөлшеріне байланысты: паралелльдік, бұрыштық және географиялық болып бөлінеді.


Паралелльдік үйлесімсіздік – паралель жатқан қабаттар арасында үзілістің пайда болуымен байланысты жаралады.



12-сурет. Қабаттардың үйлесімді жатысы



13-сурет. Қабаттардың үйлесімсіз жатысы  
а-паралель, б-бұрыштық




Бұрыштық – көлбеулік бұрыштары әртүрлі екі қабаттар кешендері арасындағы үзілістерге байланысты пайда болады 13-б сурет. Мұндай үйлесімсіздіктер геологиялық картада және геологиялық қимада анық көрсетіледі. Олардың негізгі белгілерінің үйлесімсіздік жазықтығының көне қабаттарды бұрышпен қызып өтіп, өзінен жоғары орналасқан жас қабаттармен паралель орналасуы жатады. Үйлесімсіздік бұрышы  $0-180^{\circ}$  шейін өзгереді.

Егер үйлесімсіздік бұрышы  $30^{\circ}$  аспаса жай бұрыштық, ал  $30^{\circ}$  асса шұғыл бұрыштық үйлесімсіздік деп аталады.

Жалпы үйлесімсіздіктің екі түрі де теңіз трансгрессиясымен байланысты пайда болады. Егер жапсарласа орналасқан тау жыныстары қабаттарының созылу бағыттары әр түрлі болса, онда азимуттық бұрыштық үйлесімсіздік болғаны.

Географиялық үйлесімсіздік деп – үйлесімсіздік бұрышы  $1^{\circ}$  кем болып келетіндерді айтамыз. Үйлесімсіздік бұрышы аз болған себептен оны аумақты аудандарды зерттеуде ғана байқаймыз.



14-сурет. Жасырын үйлесімсіздік (А.Михайлов бойынша, 1986)  
1-граниттер; 2-гранит элюві; 3-аркозды құмтас; 4-құмтастар.

Үйлесімсіз жазықтары беттерінің анықталғанына қарай, анық үйлесімсіздік – үйлесімсіздік беттері анық байқалады да, жасырын – үйлесімсіздік беттері белгісіз болып келеді. Мысалы, 14-ші суретте біршама мығым орналасқан гранитті интрузия жабыны маңында өте қүшті үгілген, сөйтіп үгінді әлювимен сипатталады.

Жоғарғы қарай граниттер ірі аркозды құмтастарға өтеді, ал олар өз кезегінде ұсақ, жақсы сортталған, төменендегі қабаттылығы жоқ ал жоғарыда қабаттарға өтеді (14 сурет). Үйлесімсіздіктер тарапу ауданына байланысты аймақтық және жергілікті болып бөлінеді.

Аймақтық үйлесімсіздік үлкен аймақтарды алып жатады олар сол жерде болған тік бағытты қөтерілулер нәтижесінде қалыптасады.

Жергілікті үйлесімсіздіктер көбінесе жеке құрылымдар қозғалысы мен дамуын көрсетеді. Антиклинді қатпарлардың топасы мен қанттарындағы, Каспий маңы ойысындағы тұзды құмбездердің төбесіндегі үйлесімсіздіктер мысал бола алады. Үйлесімсіздіктер пайда болу жағдайларына байланысты:

1. Нақты – жердің тік бағыттары қозғалыстарына байланысты шөгінді түзудегі пайда болған үзілістер;
2. жалған – қиғашты қабаттар арасындағы жергілікті шайылуға байланысты қалыптасқан үзілістер;
3. формация ішілік – түптік шайылумен байланысты шөгінді шөгінді түзумен өтетін үзілістер, болып бөлінеді.

## 2. Тектоникалық үйлесімсіздік


Әртүрлі жасты және литологиялық құрамды қабаттар арасындағы үйлесімсіздік жапсары, тектоникалық бұзылыстар және олардың бойымен ауысқан таужыныстар бөліктерімен сипатталады. Тау жыныстары қабаттарының жер бетінде жақсы байқалуымен геологиялық зерттеудің дәлділігі жоғары болғанда аталған үйлесімсіздік ажырату онша қындық тузызбайды. Оны төмендегі белгілер арқылы анықтаймыз:

1. Жоғарғы свитаның төменгісіне қарағанда көне болып келуі
2. Қабаттар арасындағы сырғу айнасы мен ұнтақталған тектоникалық
3. Жоғарғы свита табанында конгломераттардың кездесуі.

## 3. Үйлесімсіздік беттерінің құрылышы

Үйлесімсіз беттері әртүрлі пішінді болып келеді. Олар тегістелген бет немесе көне көмілген жер бедерінің ой-қырларының биіктік деңгейлері аз қашықтықта жиі өзгеріп отыратын жазықтық беті түрінде байқалады. Мұнда ойлы-қырлы жер бетінде шөгінделген қабаттар өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Олардың ішіндегі жиі тарағандарына қаптамай жамылу және жанама орналасулар жатады.


**Қаптамай жамылу** үгілген көне тау жыныстар бетін кейінгі жыныстар жалпағымен жаба орналасады. Бұл үйлесімсіздік пішінің негізгі ерекшелігі, төменгі орналасқан жыныстар қабатының кедір-бұдыры үйлесімсіз қабат құрылсында толық қайталанады.



15-сурет. Қаптай жамылған үйлесімсіздік I-протерозой граниттері II-силур әктастары. а-а үйлесімсіздік беті

**Жанаса орналасу.** Жер бедерінің күрт әртүрлілігі жадайында ойысты участеклер жас тау жыныстармен толады. Мұнда тік еңістер көлемінде қабаттар параллельді және үйлесімсіз жанаса орналасулар болып бөлінеді.

Алғашқысында үгілген қабатта, олар үстіне орналасқан жас жыныстарда параллель, ал үйлесімсіздікте жоғарғы қабат төменгі үстінде бұрыштық үйлесімсіздікпен жатады 12 сурет.



16-сурет. Параллельді (а) және үйлесімсіз жанаса орналасулар

#### 4. Үйлесімсіздіктерді анықтаудың белгілері

Үйлесімсіздік жазықтығы шекаралары кәдімгі қабаттар арасындағы шекаралардан өзге, өзіндік белгілермен ерекшеленеді. Олардың негізгілері:

1. Әдеттегі қабаттасу беттеріне өзге үйлесімсіздік жазықтықтары беттерінде кедір-бұдырлар болады
2. Әртүрлі жасты свиталар арасындағы бұрыштық үйлесімсіздіктер
3. Астыңғы және төменгі қабат фаunalарының жас аралық өзгешелігі
4. Түйісп җатқан свиталар метаморфизмінің әртүрлілігі және оларды желілі түзілімдердің жиі кездесуі
5. Үйлесімсіз орналасқан көрші сериялардың табанында базалық конгломераттардың орналасуы
6. Теңіздік шөгінділердің кенеттен континенттікпен алмасуы немесе керісінше
7. Үйлеімсіздік жазықтың беттерінде үгілу іздерінің үгілу ізерінің сақталуы.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Үйлесімсіздіктердің пайда болу себептері.

2. Үйлесімсіздіктердің түрлері.
3. Нақты және жалған үйлесімсіздіктер.
4. Қаптамай жамылу және жанаса орналасу.
5. Үйлесімсіздіктерді анықтау белгілері.
6. Сызба түрінде бұрыштық үйлесімсіздікке, стратиграфиялық үзіліске мысал келтіру.
7. Стратиграфиялық бағанда тақырыпқа байланысты барлық мысалдарды көрсету.

## **2.3. Қабаттардың көлденең жатысы**

**Жоспар:**

1. Жалпы мәлімет
2. Көлденең қабаттарды геологиялық графикада бейнелеу
3. Көлденең жатыстағы геологиялық карта және геологиялық қималар құру
4. Көлденең қабаттың қалындығын анықтау

1. Қабаттардың көлденең жатысы дегеніміз – жер беткейімен параллель және көлденең қабаттарды түсінеміз. Нағыз көлденең жатыс жер қыртысында өте сирек. Себебі шөгілү кезінің өзінде қабаттар белгілі бір еніске ие болады. Осындай шартты түрде ең істелуі  $1^0$  қа дейінгі қабаттарды жатқызуға болады. Осындай бұрыштарды өлшеу мүмкін емес, сол себепті оларды алыс қашықтықта байқауга болады. Көлденең жатыс жер қыртысының жоғарғы бөліктегіне тән . жатыстың аталған бөліктегіне көбінесе төрттікQ және одан сирек неогенN түзілімдері кездеседі.

2. Көлденең жатыста қабаттың жабынын немесе табанының биіктік көрсеткіштері бірдей болуы міндетті.

Осыған байланысты топографиялық карта бетіне түсірілген көлденеңді қабаттар бедер сзықтарын параллельді немесе оларға сәйкес болады.

Қабаттың жер бетіне шығуының ені оның қалындығымен жер бедеріне тәуелді. Жер бедері бірдей болған жағдайда қалындығы басым қабаттың шығу ені үлкенірек болады. Қабаттың бірдей қалындығы жағдайында жер бедері жайлы болғанда картадағы шығу ені үлкен .

Жер бедері тік жар болса ол тек бір сзық ретінде көрінеді. Жер бедері көрсетілмеген карталарда көлденеңді жатыстағы қабаттар жер бедерін қайталанған сзықтар ретінде көрсетіледі.

Жер бедері тегіс болған жағдайда қабаттар біркелкі алаңдар немесе ірі сзықтар ретінде белгіленеді.


3. Горизонтальдары көрсетілген ірі масштабты геологиялық картада көлденеңді жатысты қабаттар мен свиталар жер бедері горизонтальдарына сәйкес немесе параллель орналасады. Орта масштабты картада қабаттар шекаралары , кейбір жерлерде горизонтальдары кішігірім бұрыштармен қызып өтеді.

Жер бедері горизонтальдары картада қабаттардың көлденеңді жатысы туралы көрсетілмеген, олардың жер бедерінің негізгі элементтерімен сәйкестеніп келуі арқылы тұжырым жасалынады. Мысалы: жер бедерінің көтерілікі бөлігінде жас қабаттар , ал өзен жағалаулары бойы төмендеген сайын көне қабаттар шығады.

Геологиялық қима түсіруді оның геологиялық картадағы бағытын анықтаудан бастаймыз. Жазықты жатыста тау жыныстары арқылы жүргізілген қима бедерінің ең биік және ең төмен нүктелерін басып өтуі тиіс. Мұндай жағдайда қимада барлы стратиграфиялық бөлімдер бейнеленеді. Оның масштабтікімен сәйкес келуі керек, тек тік масштабта ең жіңішке қабаттың қалындығы 1мм дең кем болмауы тиіс. Олай болмаған жағдайда тік масштабты ұлғайту қажет . Қиманы дұрыс құрастыру үшін, қима бағыты бойының бедері тиянақты түрде түсіріледі. Одан соң ғана оның бойына стратиграфиялық бөлімдердің геологиялық шекаралары

белгіленеді. Мұнда қабаттардың алғашқы көлбеулігі, параллельдік үйлесімсіздіктері, линза тәріздес жатыс пішіндері, бұрғылау құбырларының мағлұматтары міндекте алынуы тиіс. Бірдей биіктік деңгейлерінде орналасқан аттас стратиграфиялық бөлімдер, горизонтальді сзықтармен қосылып, шартты белгілер қойылады.

#### 4. Көлденең қабаттың қалындығын анықтау




17-сурет. Қабат қалындығының түрлері.  
а – көрінетін; b – нақты; c – тік; d, e – толық емес.  
1 – күмтастар; 2 – саздар; 3 - әктастар

Көлденең жатысты қабаттың нақтылы қалындығы қабат жабыны мен табаны арасындағы ең қыска арақашықтық, яғни жабыны мен табаны биіктіктерінің айырмашылығына тең. Сонымен, қабаттың нақты қалындығын төмендегі әдістер арқылы анықтауға болады:

1. Көрінетін қалындығы ( $m$ ) мен бедер бұрыштарының ( $\beta$ ) мәндері бойынша:  

$$M=m \cdot \sin \beta$$
2. Қабат қалындығын ұнғыма мәліметтері бойынша анықтайды.
3. Кішігірім қабаттардың қалындығын геологиялық балғаның көмегімен өлшейді.
4. GPS құралы арқылы. Қазіргі кезде осындағы құралдар биіктік көрсеткішін бере алады, яғни өлшейтін адам қабат табаны мен жабынының бойымен тұрып олардың биіктіктерін анықтайды. Одан кейін жабынының мәнінен табан шекарасының мәнін азайтады.
5. Тыңғылдықты жағдайда геологиялық картада белгілі масштабтар арқылы анықтаймыз және картадағы рельефтер арқылы қалындығын анықтауға болады.



18-сурет. Көлденең қабаттың нақты қалындығын ( $M$ ) анықтау

$$M(K_2) = m^* \sin \beta, \text{ немесе } 173-148=25\text{м. } M(K_1)=148-108=40\text{м}$$

### Бақылау сұрақтары:

1. Қабаттардың көлденен жатысы деп нені түсінеді?
2. Геологиялық графикада көлденен қабаттардың көріністерін ің ерекшеліктері.
3. Қима құру ережелері.
4. Көлденен қабаттың қалындығының түрлері.
5. Көрінетін қалындығы бойнша нақты қалындықты қалай анықтаймыз?
6. GPS құралы арқылы нақтылы қалындықты анықтауды түсіндіріңіз.
7. Берілген кратада және қима бойнша қабаттардың қалындығын анықтаңыз.


### 2.4. Қабаттардың еңісті астасуы

**Жоспар:**

1. Қабаттың еңісті астасуы және оның сипаттамасы.
2. Қабаттың астасу элементтерін құбылнама арқылы өлшеу.
3. Тау құбылнамасы, оның құрылышы.
4. Еңісті қабаттың нақтылы қалындығын анықтау

#### 1. Қабаттың еңісті астасуы және оның сипаттамасы.

Сонымен шөгінді вулканогенді-шөгінді тау жыныстарының әдеттегі жатыс түріне көлдененде жатыстар жатады. Бірақта жер қыртысында мұндай жатыс пішіндер өте сирек кездеседі. Көбінесе қатты шөгінділер көлбеу жатысты болып келеді. Ал олардың кеңістікте орналасуының жатыс элементтері айқындейдь. Оларға созылу, құлау бағыты мен құлау бұрышы жатады.



19-сурет. Жатыс элементтері:

- 1) a, b - созылу бағыты; в, г - құлау бағыты;  $\alpha$  - құлау бұрышы
- 2)  $\alpha_1, \alpha_2$  - созылу бағыты азимуты;  $\beta$  - құлау бағыты азимуты

Созылу бағытының азимуты деп, созылу сызығы екі бағытының бірімен, географиялық меридианның солтүстік бағыты арасындағы оң векторлық бұрышты айтамыз. Құлау бағытының азимуты, географиялық меридианың солтүстік жағы мен құлау сызығының горизонталь жазықтығы проекциясы арасындағы оң векторлық бұрыш. Құлау азимуты қабаттың орналасу жағдайына байланысты 0-ден 360 аралығында өзгереді.


## 2. Қабаттың астасу элементтерін құбылнама арқылы өлшеу.

Жатыс элементтерін анықтауда төменгі жағдайларға көніл аударған дұрыс:

а) көлбеу қабаттың созылу бағыты қарама қарсы екі бағытта өлшенеді, яғни екі азимут мәндері бір-бірінен  $180^0$  айрықшаланады. Созылу азимуты тау құбылнамасының солтүстік бөлігіндегі мәні арқылы өлшенуі тиіс.

б) құлау бағытының азимутын өлшеу кезінде тау құбылнамасының солтүстік жағын құлау бағытына қарай бағыттайды, егер құлау бағыты азимуты белгілі болса, оған 90 қосып немесе алғып созылу бағытының азимутын анықтаймыз. Соңдықтан көлбеу жатысты тау жыныстары қабаттарында тек созылу бағытымен құлау бұрышын анықтаса болады. Ал тік жатысты қабаттардың созылу азимутын өлшеумен ғана шектелеміз. Құлау бұрышының мәні 90-нан жоғаруы болуы мүмкін емес.

Жер бетіне шығып жатқан көлбеу қабаттардың жатыс элементтері тау құбылнамасымен өлшенеді. Тау кен құбылнамасы көмегімен қабаттардың созылуы мен құлау бағыттарының азимуттары құлау бұрышы анықталады. Оларды өлшеу жолдары көрсетілген.



20-сурет. Таужыныстары жатыс элементтерін тауken құбылнамасымен өлшеу

- 1 - құлау бұрышын анықтау;
- 2 - құлау азимутын анықтау;
- 3 - созылу бағытын анықтау;
- 4 - созылу азимутын анықтау.


## 3. Тау кен құбылнамасының құрылышы

Тау кен құбылнамасы құрылышы жай құбылнаманікінен мен біршама ерекше. Ол ұзындығы 8-11 см, ені 7-8 см тік бұрышты пластинкаға құрастырылған пластинканың  $360^0$  бөлінген лимб орнатылған. Лимбаның градустары сағат тілі қозғалысына кері бағытта, ал солтүстік –онтүстік линиялары құбылнама пластинкасының ұзын жағына параллель болып келеді. Лимбаның нақ ортасында пластинкаға магниттік тілшік бұрап кигізілген. Тілшікке қатты минералдан жасалған мысты құрсаулы ішпек орнатылған. Ішпектің инесі тілшіктің еркін айналуына ерік береді. Жақсы магниттеліп, тексерілген тілшік солтүстік полюске бағдарлана тез тоқтай қалады. Тілшіктің солтүстік ұшы көккенемесе ақ түске боялған. Қажетті кезінде тоқтатып тастау үшін тілшіктің астынан инеге тоқтатқыш сақина кигізіледі.

Лимбадағы азимут өлшейтін шкаладан бөлек құлау бұрыштарын анықтайтын клинометр шкаласы қолданылады. Ол  $0^0$  тан  $90^0$  шейін бөлшектелген жарты шеңбер түрінде үлкен лимбаның ішкі жағында орналасады. Құлау бұрышы тілшікті ұстап тұрған инелегі сақинаның астына киілген тектеуіш көмегімен өлшенеді.

Лимб шынымен жабылып сақиналды серіппе көмегімен бекітілген. Пластиинканың бір бұрышында орнатылған винтті бұрап, құбылнаманың тілшігін тоқтатуға немесе іске қосуға болады.

Енді құбылнама лимбасының градустарының сағат тілі бағытына кері орналасатындығының себебіне тоқталайық. Оның негізгі себебі далалық жағдайда алынатын өлшемдерді тездету мен жөнілдету, топографиялық құбылнамамен жұмыс істегендеге лимбаның С-О сызығы магниттік меридианмен міндетті түрде қосарлануы тиіс, ал тау кен құбылнамасында лимбаның С-О сызығы нысаналатын затқа бірден бағытталады. Соңдықтан тау кен құбылнамасының лимбасын кері бағытта градустау қажет.




21-сурет. Тау-кен құбылнамасы  
1 – пластиинка; 2 – лимб;  
3 – клинометр; 4 – клинометрді бекітуші винт;  
5 – тілшік;  
6 – шыны;  
7 – арретир;  
8 – жартылай лимб.

Көлбеу жатысты қабаттардың жатыс элементтерін анықтаудың тұра әдістеріне, яғни тау құбылнамасын пайдаланудан бөлеқ, қосымша әдістерде бар. Олар көлбеу қабаттар жер бетінде шықпаған жағдайда қолданылатын әдістер: қабат жабыны мен табанында орналасқан үш нұктеде арқылы, жер бедері горизонтальдарымен берілсе қабаттың жабыны немесе табанының жер бетіне шығуы арқылы қабатты ұшбұрыштар ережесін пайдаланып.

#### 4. Еңісті қабаттың нақтылық қалындығын анықтау

Көлбеу қабат, басқада жатыстар қабаттар сияқты, қабат беттері – жабыны мен табаны арқылы шектеледі: олардың арасындағы ең қысқа қашықтық қабат қалындығы болады. Мұнда көбінесе оның көрінетін қалындығын өлшеу мүмкіндігі ғана туады. Қабаттың жер бетіне шығу ені қабаттың көлбеулігіне және жер бедеріне байланысты: жер бетінің бірдей еңістігінде қабаттың шығу ені оның қалындығының өсуіне байланысты артады да, құлау бұрышы өскен сайын кемиді.

Көлбеу жатысты қабаттың қалындығын әртүрлі әдістер арқылы анықтайды. Оның ішінде жиі қолданылатын созылу бағытына тік жүргізілетін қимада өлшеу, мұнда біздің қалындықтардың негізгі түрлерін байқауға мүмкіншілігіміз бар.



22-сурет. Қабат созылуына тік багыттагы қимада көлбеу жатысты қабаттың нақтылы қалыңдығын анықтаудың әр түрлі жағдайлары:

- a* – жер бедері бетінде көлденеңді;
- b* – бұрылау құбыры керні бойынша;
- c* – қабат жер бедері көлбеуленген жаққа құлайды;
- d* – қабат пен жер бедері құлау багыттары кері багытты;
- H* – нақтылы қалыңдық;
- h* – көрінетін қалыңдық;
- $\alpha$  – қабат құлау бұрышы;
- $\beta$  – жер бедерінің көлбеулік бұрышы.

Егер қабаттың нақтылы қалыңдығы қабат созылу бағытына қигаш бағытта анықталса, онда қима сзығының қабат құлау бағытынан ауытқуына сәйкес түзету енгізіледі. Бұл түзету гамма ( $\gamma$ ) бұрышы арқылы беріледі, ал ол тек созылу азимутымен өлшенген бұрыш.

Өлшеулер П.М.Леонтовский формуласы көмегімен жүргізіледі

$$H = h(\sin \alpha \cos \beta \sin \gamma + \cos \alpha \sin \beta)$$

мұнда  $H$  – нақтылы қалыңдығы;

$h$  – көрінетін қалыңдық;

$\alpha$  – қигашты қимадағы қабат құлау бұрышы;

$\beta$  – жер бедері еністігі.

Жер бедері мен қабат көлбеулігі бағыты арақатынасына қарай плюс пен минус, егер ол бір бағытта еністенсе минус, қарама-қарсы жағдайда плюс белгісі қойылады.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Қабаттың еністі астасу кезінде нақты көшелілікті қалай анықтайды?
2. Қабаттың төңкеріле астасуы деп нені айтады, түсінеді?
3. Геологиялық қиманы құрастырған кезде нені есепке алу керек?
4. Қабаттың астасу элементтерін қандай жанама әдістерімен анықтайды?

## 2.5. Тау жыныстар қабаттарының қатпарлы бұзылыстары


### Жоспар:

1. Жалпы мәлімет. Қатпарлы құрылымдар.
2. Қатпар элементтері.
3. Қатпарлардың морфологиялық жіктелу жүйесі
4. Флексуралар.
5. Қатпарлар пайда болуының механикалық жағдайлары.
6. Қатпарлар пайда болуының геологиялық жағдайлары.

## 1. Қатпарлы құрылымдар

Тау жынысының қатпарлы түрлі жатысы, қабатты жыныстардың созылмалы деформация кезінде қалыптасады. Жер қыртысында жаншылып иілген жыныстар алуан түрлі жасты, пішінді болып кеңінен таралған. Олар таулы облыстар көлемінде ғана емес, жазықты аймақтарда да жиі кездеседі. Егер континенттердің шөгінді қабаттары жазық немесе көлбей орналасса, фундаментті қатпарлы құрылымдардан тұрады.

*Қатпар* деп, қабаттардың толқын тәріздес ілуін айтады.



23-сурет. Қабаттардың толқын тәріздес ілуі


1 – әктастар; 2 – жұмыртастар; 3 – құмдар; 4 – саздар

Қатпарлар сыртқы пішіндері, ондағы тау жыныстар қабаттарының орналасуына байланысты екі топқа бөлінеді:

- 1) Антиклин
- 2) Синклин

Антиклин – қанаттарына қарағанда ядросында көне тау жыныстары орналасқан, іні жоғары бағытталған қатпар.

Синклин – қанаттарына қарағанда ядросында жас тау жыныстары орналасқан, іні төмен бағытталған қатпар.



24 – сурет. Антиклинді (I) және синклинді (II) қатпарлардың қимадағы көрінісі.

1 – құмтастар; 2 – жұмыртастар; 3 – саздар; 4 – сазтастар

## 2. Қатпар элементтері

Қатпар төмендегі элементтерден тұрады: қатпар қанаттары, құлпы, ядросы, бұрышы, осьтік жазықтығы, осьтік сзығы, қатпар осі, топсасы (шарнир).

**Қатпар қанаттары** – қатпардың бүйірлік, иілген қабаттың карама-карыс бөліктері.

**Қатпардың құлпы** – оның аса иілген бөлігі. Қатпардың ортаңғы бөлігі - ядросы.

Қанаттардың жалғасында пайда болған бұрыш **қатпар бұрышы** ( $\alpha$ ) деп аталады.

**Остік жазықтық** (бет) - қатпарды екіге бөлестін жазықтық немесе қатпардың иілу нүктелері арқылы өтетін бет.

Остік жазықтықтың горизонталь (көлденең) жазықтықпен қылышқан сзығы - **қатпар осі** немесе **ось сзығы** болады.

Ось сзығы қатпардың кеңістікте орналасуын айқындайды. Оның орны созылу бағыты азимуты арқылы анықталады. Картада қатпардың ось сзығы қабаттардың иілген жерлеріндегі нүктелерді қосу арқылы табылады.


**Қатпардың топсасы** деп, остік беттің қабат бетінің бірімен (жабыны, табаны) түйіскең сзығын айтамыз. Қатпарда топса қабаттың бетінде (жазықтығында), оның бүгілген жерінде орналасады. Топсаның орны шому немесе көтерілу азимутымен анықталады. Топсаның көлбеулігін қабат жастарын салыстырып біледі. Топса жас таужыныстарына қарай еністенеді (ундуляция). Топса иілуіне байланысты горизонталды, көлбеу толқынды, қисықты болып келеді.

Қатпардың мөлшері оның ұзындығы, ені және биіктігімен сипатталады (26-сурет).


**Қатпар ұзындығы** – ось сзығы бойымен қатар орналасқан топсалар бүгілдерінің арасындағы қашықтық.

**Қатпардың ені** – көрші екі қатпардың (антиклин, синклин) ось сзықтарының арасындағы қашықтық.

**Қатпардың биіктігі** – вертикальдық (тік бағыттағы) антиклин мен оған көршілес синклин құлпылары арасындағы қашықтық.



25 – сурет. Қатпар элементтері



26 – сурет. Қатпар өлшемдері:  $a$  – ені,  $h$  – биіктігі,  $l$  - ұзындығы

### 3. Қатпарлардың морфологиялық жіктелу жүйесі

Морфологиялық жіктелу негізіне қатпардың бірнеше белгісі алынады. Олар:

1. Осьтік беттің орнына байланысты:

а) симметриялық қатпарлар – осьтік беттің тік бағытты және қанаттарының көлбеулік бұрышы бірдей болып келеді;

ә) ассимметриялық қатпарлар – осьтік беттері көлбеу немесе тік және қанаттарының еңістену бұрыштары әр түрлі болып келеді;

Соңғысы өз кезеінде қисайған, еңкейген, жантайған, аударылған қатпарлар болып бөлінеді:

а) қисайған қатпарлар қос қанаттары қарама-қарсы жақтарға әр түрлі бұрыштармен құлаған немесе екі қанатының бірі тігірек болып келеді;

ә) аударылған қатпарлар – шоқтығы бір жақ қанатына қарай қысылып құлағандай болады немесе қанаттары бір жақ бағытқа қарай құлады;

б) жантайған қатпарлар – остькік жазықтық бетінде көлденең орналасады;


в) төңкерілген қатпар – осьтік бетті кері қарай құлағандай болып бүгілген.

2. Қанаттарының арақашықтығына байланысты:


а) кәдімгі, қалыпты қатпар – қатпар қанаттары әр жаққа құлап жатады;

ә) изоклинді – қанаттары параллель орналасады;

б) желпуіш тәріздес – қанаттары желпуіш тәріздес болып келеді. Мұндай қатпар өзегі (ядро) басқа бөлшектерінен бөлектенген болы.




27-сурет. Қатпарлардың ось жазықтығының орнына байланысты түрлері:  
а) симметриялық; ә) ассимметриялық, қисайған;  
б) аударылған; в) жантайған; г) төңкерілген



28-сурет. Қатпарлар қанаттарының арақашықтығына байланысты бөлінуі


3. Қатпарлар құлпы пішініне байланысты жағағай, шұғыл, сынған және сандық тәріздестеріне бөлінеді (29 – сурет).



29-сурет. Қатпарлардың құлпысы пішініне байланысты бөлінуі

Қатпар құлпыы пішініне байланысты


4. Қатпарлар ұзындығы мен енінің арақашықтығына байланысты созылыңқы, брахи пішінді, күмбез тәріздес болып бөлінеді.



30-сурет. Қатпардың пландағы түрлері: 1 - созылыңқы ( $a/b > 3$ );  
2 - брахипішінді ( $a/b < 3$ ); 3 - күмбез тәрізді ( $a/b = 1$ )


#### 4. Флексуралар

Қатпарлар кейде бір-ақ жакты болады, яғни бір қанатты болып қабаттар тізе тәрізді иіледі. Ондай қатпарлар флексура деп аталады. Сонымен, қатпарлардың тізе тәріздес иілуін, баспалдақ тәріздес орналасуын флексура дейміз.



32-сурет. Флексура құрылышы сұлбасы:

Аб – жоғары немесе көтеріңкі қанаты; вг – төменгі немесе астыңғы қанаты; бв - қызылстыруыш қанаты;  $\alpha$  – көлбеу бұрышы; а – жылжыган қанаттардың тік бағыттағы амплитудасы



**33-сурет. Үйлесімді және үйлесімсіз флексуралар**


#### Үйлесімді және үйлесімсіз флексуралар

Флексуралар екі топқа бөлінеді: 1-ге шөгінделу процесінен кейін дамыған флексуралар, 2-ге шөгінді түзілумен бірге дамыған флексуралар жатады.

Шөгілуден кейін дамыған флексураларда қанаттарының қалындығы мен фациясында ешқандай өзгеріс болмайды. Шөгінделумен қатар дамыған флексуралар құрылышы курделі.

#### 5. Қатпарлар пайда болуының механикалық жағдайлары

Ілімдік деформациясы нәтижесінде пайда болатын иілтупердің пішіні мен көлемі көптеген жағдайлармен байланысты. Мұндағы маңызды рөл атқаратындары тау жынысының физикалық қасиеттері, динамикалық пен кинематикалық жағдай, жыныстарда пайда болған кернеулік күштер мен сыртқы ортаның күйі.



**34-сурет: Қатпарлардың әр түрлілігі:**  
**a, б – бойлықты ілгендері; в, г – көлденеңді ілгендері; д – ағысты; 1 – күш бағыты; 2 – жыныстар ауысу бағыты; 3 – созылу учаскесі; 4 – сызылу учаскесі.**

Бойлықты иілтупер кезінде тау жыныстары сығылады. Сығылу күш қарама-қарсы беттер бойы бағытында өзтеді, созылады. Мұнда да қабаттар сырғиды, бірақ анық бағыты сығылышынан бөлек.

Ағысты қатпарлар дұрыс емес пішінді болып, қабаттар көптеген қампиюолар, жіңішкелулер мен қысылулар түзеді.

#### 6. Қатпарлар пайда болуының геологиялық жағдайлары

Қатпарлар пайда болуының жағдайлары алуан түрлі:

а) эндогендік қатпарлықтар. Олар екі топқа бөлінеді: консидементациялық қатпарлар түзілуі жер қыртысындағы тік бағыттық ектонаикалық қозғалыстармен тікелей байланысты. Оған қарама-қарсы постсидементациялық әр түрлі бағытты қозғалыстар көбінесе жетекші рөл аткарады.

ә) диапирлі қатпарлықтар (гр. шаншу, тесу) антиклинді құрылымда иілу, созылғыштық, майысқақтық қасиеттері жоғарғы жыныстардың өзін қоршаған жағдайда аталған қасиет төмен және осалдау қабаттарға кіргіуі нәтижесінде пайда болады.

б) шеккінді қатпарлар су асты шеккінді болады. Су асты көлбеулігінде әлі қатпаған тау жыныстардың өз салмақ күші әсерінен етекке қарай орын ауыстырып шөгуінен пайда болады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қатпар дегеніміз не? Оның элементтерін баянданыз.
2. Ось жазықтығына қарай қатпардың қандай түрлері бар?
3. Құлыб пішіне қарай қатпардың қандай түрлері бар, ал қанаттарына қарай?
4. Периклиналь, центриклиналь, қатпардың ундуляциясы дегеніміз не?
5. Антиклиниорий және синклиниорий дегеніміз не?
6. Флексура, моноклинальды сипаттаныз.

## **2.6. Тау жыныстарындағы үзілмелі бұзылыстар**

### **Жоспар:**


1. **Жалпы түсінік**
2. **Лықсымалар**
3. **Ығыспалар**
4. **Ысырмалар**
5. **Топтастырылған үзілмелі бұзылымдар**

1. Жер қыртысында жүретін әр түрлі тектоникалық қозгалыстар тау жыныс қабаттарының біртұастығын бұзып, үзіліп жылжыған тау жыныстарының қабаттарын, жарықшақтар және жарылымдар туғызады.

Алғашқысында тектоникалық күштер жарылып үзілген қабаттарды бір-біріне қарағанда белгілі бір бағыттармен ауыстырады, екіншісіне мұндай ауысулар кішігірім ғана немесе тіпті байқалмайды да, ал жарылымдар болса аймақтық рөл атқаратын ірі геотектоникалық элемент, сондықтан ол мұнда қаралмайды. Үзіліп жылжыған тау жынысы қабаттарын қыскаша жарылышты бұзылыстар немесе ауысулар деп атайды.

2. *Лықсымалар* – жылжу жазықтығы бойымен үстіңгі қабаты төмен ауысып ығыскан жарылышты бұзылыстар. Лықсымаларда мынандай элементтерді бөлуге болады:


Төмендеген немесе аспа қанаты (A), көтеріңкі немесе жатқан қанаты (B), ыдыратқыш (В) ыдыратқыш құлау бұрышы ( $\alpha$ ), ыдыратқыш бойы амплитудасы ( $\alpha_1, \delta_1$ ), тік ( $\alpha_1\delta_2$ ) және көлденең ( $\alpha_2\delta_2$ ), амплитудалар, стратиграфиялық амплитуда ( $\alpha_4\delta_1$ ), тік бағытты шегіну ( $\alpha_2\delta_1$ ), көлденең шегіну ( $\delta_2\alpha_3$ ).



35 - сурет. Лықсыма элементтері


**Лықсымалар жіктелуі:** лықсымалар бірнеше белгілер көмегімен ажыратылады: ыдыратқыш құлау бүрышына, бұзылған таужыныстары созылымына қарай ж.т.б.;

- а) ыдыратқыштың құлау бүрышына байланысты: жайдақ  $< 30$  дейін, шұғыл  $< 30-80$ , тік  $< 80$  жоғары;
- ә) бұзылған тау жыныстар созылымына қарай а) бойлық, б) қиғаш,
- в) көлденененді (3б сурет);




3б-сурет. Лықсымалардың бұзылған таужыныстары  
созылуына қарай бөлінуі

б) ыдыратқыштар мен бұзылған тау жынысының ара қатынастарына қарай үйлесімді және үйлесімсіз.




37 сурет. Үйлесімді (а) және үйлесімсіз (б) лықсымалар тік қимада

в) қанаттарының жылжу бағытына байланысты: тұра, кері, топсалы және цилиндрлі болып бөлінеді. Лықсымалардың өзара орналасуына байланысты параллельді, радиальді және қауырсынды болып келеді.



38 – сурет. Лықсыманың пайда болу сатылары. А – тау жыныстарының жиналуы; Ә – тау жыныстыарының біркелкілігінің бұзылуы; Б – қанаттарының қозғалып, лықсыма түзуі; В – лықсыманың қазіргі көрінісі.

3. Ыдырау жазықтығы төмен жылжыған тау жынысы қабаттарына қарай бағытталған, ал үстіңгі қанаты жоғары жылжып пайда болған жарылысты бұзылыстарды ығыспалар дейміз.




39 – сурет. Үғыспаның қимадағы (а) және жобадағы көрінісі (ә)

#### 4. Үсырмалар

Үсырмалар дегеніміз – жылжуы ыдыратқыш жазықтығы бойымен көлденең бағытта ететін, жарылып үзілген қабаттар.

Үсырма түрлері: а) тік бағытты; б) көлбей; в) көлденең; г) сол жақты; д) он жақты; н) бақылаушы, қалың сызық – ыдыратқыш.

Ысырма элементтеріне қанаттары, ыдыратқыш, ыдыратқыш құлау бұрышы және аудису амплитудасы жатады. Ысырмалар ыдыратқыш құлау бұрышына байланысты көлдененді (құлау бұрышы 0-10 дейін), жайдак (<10-45), шүғыл (45-80), тік (80-90).



40-сурет. Ысырма түрлері: а) тік багытты, б) көлбеу, в) көлденең, г) сол жақты, д) оң жақты, н) бақылаушы, қалың сзызық ыдыратқыш.


### 5. Топтастырылған үзімелі бұзылымдар

Лықсайма мен ығыспалар көлемді аймақты қамтыған жүйелі топтар күйінде де кездеседі. Лықсаймалар мен ығыспалар арқылы бөлініп аудисқан тау жыныстары блоктары грабендер және горстер деп аталады.

Грабендер (нем. ор, шұңқыр) лықсаймалар немесе ығыспалардан қалыптасқан, ортаңғы бөлігі төмен түскен, көтеріңкі шеткі бөліктеріне қарағанда жас тау жыныстарынан тұратын құрылымдар. Сөйтіп грабендер жарықтар арқылы ортаңғы бөлігі шеткі бөліктермен салыстырғанда төмен түсімен сипатталады.

Қосымшаланған грабендер бұрын пайда болған, көбіссе қатпарланған, интрузия кіріккен таужыныстары қабаттарында дамиды.

Горстер (нем. төбе, қырқа). Лықсаймалар немесе ығыспалардан пайда болған көтеріңкі орналасқан ортаңғы бөлігі, шеткі бөліктеріне қарағанда көне тау жыстарынан құралған құрылымдар.



41-сурет. Грабендер (1.1) мен горстердің (2.2) қимадагы құрылымы

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Лықсұма және оның элементтері.
2. Қима ретінде лықсұманы сзып көрсету.
3. Лықсұманың пайда болу сатылары.
4. Іғыспа және оның элементтері.
5. Лықсұма мен ығыспаны ажырату.
6. Ісырмалар.
7. Ісырмалардың жіктелуі
8. Горст пен грабенді қимада сзып көрсету және ерекшеліктерін түсіндіру.

### **2.7. Тау жыныстарындағы жарықшақтар**

#### **Жоспар:**

1. Жалпы мәлімет.
2. Жарықшақтардың жіктелуі.
3. Жарықшақтардың зерттелуін графикалық түрде бейнелеу

#### **1. Жалпы мәлімет.**

Жер қыртысының қабаттарында кеңінен таралған бұзылып, жарылған тау жыныстарды құрылымын жарықтар жатады. Жарықтардың кішігірім жер бөлігінде таралған жиынтығын *жарықшақтар дейміз*.


*Дербестелме* – таужыныстарының жарықтар арқылы кесекрге және жақпартастарға бөлінуі. Оның пішіні жарықшақтардың орналасуына байланысты. Шөгінді жыныстарда дербестелменің тік бұрышты, кубты, параллепипедті, призмалы, шар және жақпартасты түрлері, метаморфтыда такта, пластина, қырлы, үшкір бұрышты, ал интрузивтері арасында кубты, тік бұрышты, параллелепипедті және т.б. кездеседі.

Байқалу дәрежесіне байланысты жарықтар ашық, жабық және жасырын болып үш отпқа бөлінеді.

#### **2. Жарықшақтардың жіктелуі.**

Жарықшақтардың жіктелуі геометриялық және генетикалық болалы.

*Геометриялық жіктелуі.* Құлау бұрышына байланысты: тік ( $<80<90$ ), шұғыл (45-80), жайдақ (10-45), көлбеу немесе жазықты (0-10).



42-сурет. Жарықтардың геометриялық жіктелуі. Қара қабат - қабаттылық;  $a, b, \beta$  және  $a', b', \beta'$  - көлденеңді жарықтар;  $\gamma, d, e$  және  $\gamma', d', e'$  - бойлықты,  $\zeta, z, \kappa$  және  $\zeta', z', \kappa'$  - қигашты,  $\omega, \vartheta, \varphi$  - үйлесімді.

## Жарықтар түрлөрі:


А) көлдененді – планда қабаттылық пен жіктастылықты құлау бағытында қып өтетін;  
Ә) бойлықты – созылу бағытына параллельді, бірақта қабаттылықты тік бағытта қып өтетін;

Б) қиғашты – қабаттылық пен жіктастылықты созылу мен құлау бағытына қарғанда белгілі бүрышпен қып өтетін;

В) үйлесімді – қима мен планда қабаттылық пен жігастылық параллельді бағыттал болып келетіндер.

*Генетикалық жіктелуі.* Тектоникалық емес жарықтар: 1. Алғашқы жарықтар; 2. Үгілу жарықтары; 3. Сырғымалау; 4. Қысымнан босаған кезде ұлғайған жарықтар.

Тектоникалық жарықтар: 1. Қабат бір тұтастығы бұзылғандағы жарықтар (үзілген және уатылған); 2. Кливаж



43-сурет. Кливаждың түрлөрі

а-қабат бойы кливажы; б-желтуішті; в-керісінше желтуішті;  
г- S-тәрізді; д-паралельді.

## Тектоникалық емес жарықтар

*Алғашқы жарықтар.* Дамуы кебу, тығыздалу, көлем мен температура және физикалық, химиялық өзгерулер кезінде, ішкікүштер әсеріне байланысты. Бұл жарықтар шөгінділер диагенезі кезінде шөгінді көлемнің азаюы, эфузивтер сууы және т.б. жағадайларда қалыптасады.

*Үгілу жарықтары.* Біртұтас жарықтардағы ұсақ жарықшақтардың ұлғаюы нәтижесінде пайда болады. Мұндай жарықтар әдетте жер бетінен 10-15 м, сирек жағдайда 30-50 м терендікте бойлайды.

*Сырғымалар, көшкіндер мен ойықтар жарықтарының* пайда болуы атына сәйкесті болып келеді. Олар өте жиі орналасуымен, анық байқалуымен ерекшеленеді, бірақ жергілікті рө атқарады.

## Тектоникалық жарықтар

Бұл жарықтардың пайда болуы жер қыртысының эндогендік процестермен байланысты. Бұл жағдайда пайда болған жарықтар кейбір құрылымдар көлемін немесе кең аймақты қамтуы мүмкін. Тектоникалық емес жарықтардың айырмашылығы – олардың созылу мен құлау бағыттары бойынша ұзаққа сағалануы, кеңістікегі белгілі бір орнының болуы, сөйтіп әртүрлі құрамды қабаттарға бойлауды.

Үзілген жарықтар ірі жарылышдармен байланысты аймақтық және қатпарлардың күрт иілетін жерінде дамыған жергілікті болып бөлінеді.

Аймақтық жарықтар, әдетте, тік бағытты немесе шұғыл құлайтын болып, ұзақ қашықтыққа созылуымен, тік бағыттылығымен сипатталады.


*Кливаж* (франц. clivage – жарылу). Таужыныстар қабаттарында әр түрлі деформациялар мен метаформизм әсерінен пайда болатын жиі орналасқан параллельді жарықтар жинағын *кливаж* деп атайды. Ол қабаттардың тұтқырлы бұзылыштары кезінде, яғни заттар біртұстасының сақталуы сатысында пайда болады. Устіңгі қабат жыныстары кирап, үгілген

соң, жарықшақтанған бет жиі орналасқан параллельді жарықтар түрінде байқалып кливаж деп аталынады.

### Жарықшақтардың зерттелуін графикалық түрде бейнелеу

Орындалу реттілігі:

- 1) Ең алдымен кестені және раушан диаграмманы сзызып аламыз.
- 2) Кестені толтыру барысында ең алдымен интервалдың орта азимутын ( $270^{\circ}$ -тан  $90^{\circ}$  дейін) интервал бойынша өлшеу санын санап жазамыз.
- 3) Осы жоғарыдағы екі көрсеткішті бірліктіріп жарықшақтар санын пайыздық мөлшермен белгілейміз. Оның формуласы:  $x = \frac{x_1 * 100}{\Sigma 2}$ .
- 4) Масштаб арқылы орта азимуттар бойынша жарықшақтар санын нұктемен белгілеп, барлығын қосамыз.
- 5) Шықкан диаграмманы бояймыз.



43а-сурет. Жарықшақтар созылу азимуттарының раушан-диаграммасы

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жарықшақтар деп нені түсінеді?
2. Тау жыныстарында жарықтар мен жарықшақтардың пайда болу себептері.
3. Құлау бұрышына байланысты жарышкақтардың түрлері.
4. Тектоникалық жарықтар.
5. Тектоникалық емес жарықтар.
6. Кливаж және оның түрлері.
7. Жарықшақтардың раушан-диаграммасын күрү сатылары.

### 2.8.Шөгінді тау жыныстарының ерекше астасу пішіндері

**Жоспар:**

- 1) Кластикалық дайкалар
- 2) Суасты сырғымалық бұзылыстар
- 3) Рифтер
- 4) Қошліген алювийлі және делювийлі шөгінділер

- 1) Кластикалық дайкалар сиыстырушы жыныстарды тік бағытта қызып өткен жарықты құрамы мен тегі әртүрлі шөгінді жыныстарды толықтыруынан пайда болатын ұзындан ұзақ созылған дене.

Дайканы құрастырушы кластикалық материалдар әр түрлі болып келеді, бірақ көбінесе олар құмтастар, нашар цементтеген құмдар, алевролиттер.

Кластикалық дайкалардың мөлшері әр алуан, ені біреше мм-ден 3-5 метрге бірнеше мден 5 – 6 км, өте сирек 15 км. Олар 1,5 км тереңдікке дейін бойлайды.

2) Суастышөгінділерінің құрылымының бұзылуы шөгінді түзілу кезінде-ақ басталады. Олар спираль тәрізді бұралған және кесек тәрізді сырғулар, кішірімді төңкерілген (еңкейген) және жантайған қатпарлы қатпарлық, тіл тәріздімен бей-берекет жуғын қатпарларбірен-сарап жарықшақтар түрінде болады. Олардың қалыптасуы су айдынының түбіндегі көлбеу жазықтықта жиылған шөгінділер жылжуынан туындастын суасты сырғымалармен байланысты. Шөгінді брекчияларға олистостромдар, олистолиттер жатады.

Шөгінді қабаттардың кейбір горизонттары арасында шашыранды түрде көне жыныстар құжбандары кездеседі, оларды *кірікпелі горизонттар* дейді. Iрі түбірсіз құжбандар *олистолиттер* деп аталады.

Шөгінді брекчиялар Қазақстанда жиі кездеседі. Мысалы, Қаратрудың төменгі Тасқөмір әктастары шөгінділерінің табанында.

3) Рифтер. Шөгінді тау жыныстар кәдімгідей көп тараған алғашқы жатыс пішіндеріне мығымды әктасты массивтерден құралған рифтер жатады. Олардың сыртқы пішіндері күмбез, линза және саңырауқұлақты тәріздесті болып келеді. Құрамы кораллды, мшанкалы, балдырылды және т.б. болады.

Шомбалды пішінді *биогермдер*, ал қабаттасқандарын *биостромдар* деп атайды. Олар Жер шарының Мезозой және Кайнозой шөгінділерінде жиі ұшырасады.

4) Көбінесе массивтің морылу нәтижесінде пайда болады.

Пәрменді морылу (мұжіліп үгілу) жүрген кезде гранит бетінде қалың қабатты алювий мен делювий жиналады. Ол жер төмен түсіп, теңіз трансгрессиясына ұшырағанда, олар шайылып қайта шөгінделіп қабатты құмтастардың пайда болуына әкеп соғады. Мұндай жағдай Орталық Қазақстанның орта Девондық граниттері мен орта, жоғарғы Девон қызыл түсті құмтастары арасында жиі байқалады.

## 2.9.Интрузивті жыныстардың астасу пішіндері

**Жоспар:**

1. **Жалпы мәлімет.**
2. **Интрузивті денелердің топтастырылуы.**
3. **Геологиялық карталар мен қималарда интрузивтерді бейнелеу**

**Жалпы мәлімет.**

Жер қыртысында интрузивті жыныстар аса көп тараған тау жыныстар түрлері қатарына жатады. Олар көбінесе қатпарлы облыстарда кездеседі және платформалар құрылышында да аса зор рөл атқарады. Галымдар гранитоидты құрамды интрузивті массивтер пайда болу жағдайларын 4 негізгі топқа бөледі:

1. Гранитизация үрдісімен тікелей байланысты пайда болған кембрийге дейінгі қатпарлы құрылымдарының ірі гранитті массивтері.

2. PZ, MZ, KZ қатпарларымен байланысты аса терең қабаттарда түзілген батолитті интрузиялар.

3. Қолемдері салыстырмалы ұсақтау, құрамы қышқылдыдан негізгіге дейінгі өзгерген гипабиссалдың ( $1,5 - 2 \text{ км}^2$ ) интрузиялы денелер.

4. Желілік интрузиялы денелер

## Инtrузивті денелердің топтастырылуды.

Инtrузивтер сидырушы жыныстармен орналасу тәртібіне байланысты 3-ке бөлінеді: 1) үйлесімді (конкордантты) – яғни сидырушы денелердің біркелкілігін бұзбайтын денелер (лакколит, лополит, силла, факолит, ареал-плутон).

- 2) үйлесімсіз (дискорантты) тау жыныстарының біркелкілігін қызып өтетін денелер (дайкалар, штоктар, батолиттер).
- 3) Ауыспалы (магмалық диапирлер, гарполиттер).

**Лакколиттер** (гр. лякос – казанщұңқыр) – көлдененең 3-6 км жететін саңырауқұлақ, дөңгелек наң пішіндес гипабиссалды инtrузивті дене.


**Лаполиттер** (гр. лапос – табақша) – ортаңғы бөлігі түсінкі, шет жақтары көтерінкі, өзін сиыстырушы жыныстар құрылымына сәйкес орналасатын, әр түрлі көлемді денелер.

**Факолиттер** (гр. факс – жасымақ) – негізгі құрамды, кішігірім илімді қатпарлар илген бөліктегінде (көбінесе антиклин және синклин ядроларында) орналасқан орақ тәріздес пішінді, үйлесімді денелер.

**Силлалар** (немесе қатты инtrузиялар) – көбінесе негізгі құрамды шөгінді жыныстардың параллель қабаттарының арасында пайда болатын денелер, қалындығы 25-70 м жетеді. Силлалар жер бетіне шыққан кезде оларды лавалардан ажырату қын болады. Оларды бір-бірінен ажырату былайша жүргізіледі: силлалар сидырушы жыныстарды төмennен және жоғарыдан өзгертеді, ал лавалар тек төмennен.

**Апофизалар** – өте ірі магмалық денелерден тараған, бұтақтанған кішігірім денелер.

Көне қатпарлы кембрийге дейінгі облыстарда аса зор көлемді гранитті массивтер кең тараған. Оларды *ареол-плутондар* деп атайды.




44 – сурет. Үйдесімді инtrузивті денелер.


**A – силлалар; Б – лакколит; В – лополит; Г – факолит.**

**1-сидырушы жыныстар; 2-инtrузивті денелер; 3-ұзімелі бұзылыстар**

**Дайкалар** (шотланд. – қабырға) Жер қыртысындағы тік және көлбеу жарықтары магма толтыру нәтижесінде пайда болған параллельді қабырғалармен шектелген үйлесімсіз денелер.




45 – сурет. Дайкалардың пайда болу механизмі.  
А – ұзімелі бұзылыстың қалыптасуы; Б – ажырау; В – бос құыстың магмалық материалмен толтырылуы




46 – сурет. Дайкалар: А – сақиналы; Б – цилиндрлі; В - конусты

*Батолиттер* (гр. батос – терендік) – көлемі аса ірі ( $> 100 - 200 \text{ км}^2$ ), құрамы гранитоидты болып келетін, өзін қоршаған жыныстармен үйлесімді және үйлесімсіз орналасқан сопақша немесе дұрыс пішінді интрузивті дене.



47 – сурет. Батолиттің қимадағы көрінісі.

*Штоктер* (нем. таяқ, діңгек) – көлемі  $100 \text{ км}^2$  кіші, жалпы пошымы цилиндрге құсас, көбінесе жарықтары мен белдемдерге немесе жарылыстар түйіскен жерлерде пайда болатын денелер.




48 – сурет. Шток қимада (А) және жобада (Б)

Аталғандардан басқа үйлесімсіз денелерге сирек кездесетін (экзотикалық) денелерді жатқызады. Олар: этмолиттер және акмолиттер.

*Этмолиттер* – жоғары жағында екіге бөлініп енетін интрузивті денелер.


*Акомолиттер* – өлшемі бойынша штоктарға сәйкес болатын, пішіні бойынша отқа ұқсас интрузивті денелер.



49 – сурет. Сирек кездесетін (экзотикалық) интрузивті денелер.

1 – этмолит; 2 – акмолит


*Магмалық диапирлер* – гипабиссалды интрузивті дене. Олар план мен қимада созылыңқы алмұрт немесе ұршық тәріздес болып келеді.



50 – сурет. Магмалық диапирлер.

1 – сидыруышы жыныстар; 2 – интрузивті дене

*Гарполиттер* – төменгі жағында тау жыныстарын қиып өтіп, жоғарғы жағында жыныстардың араларына енетін интрузивті дене.




**51-сурет. Гарполит**  
**1 – сидырушы жыныстар; 2 – іргетас; 3 – интрузивті дене**

*Протрузия* – активті тектоникалық зоналарда магмалық жыныстардың өзін қоршаған тау жынысы арқылы сұық күйінде жылжыу.

### Геологиялық карталар мен қималарда интрузивтерді бейнелеу

- 1) Геологиялық графикада интрузивтердің жапсарлас аймақтары
- 2) Түсті, штрихты және әріпті шартты белгілері
- 1) Интрузивті денелердің сидырушы жыныстармен жақпарлы бөлігі әр түрлі болады. Ол көбінесе қысыммен магманың көлеміне байланысты.
- 2)




**52-сурет. Интрузивті денелердің сидырушы жыныстармен жапсарлас жерлерінің морфологиясы.**

- 1-тұзу; 2-толқынды; 3-апофизалы; 4-кетікті (зазубренный);  
 5-кесектасты; 6-қабатбойлы-инъекциялы**

Жақпардың (контакт) екі түрін ажыратады: 1 – ыстық; 2 – сұық.

Контакт ыстық болған жағдайда, сидырушы жыныстар мен интрузиялар арасында эндожәне экзоконтакттар туындаиды. Көрсетілген аймақтарда өзгеріске ұшыраған жыныстар көптеп кездеседі. Соның әсерінен келесілер қалыптасады: скарндар, сілтілі метаморфты жыныстар, фениттер және грейзендер.

Суық контактта жыныстарда өзгерістер байқалмайды. Осындай контакттің қалыптасуы схемасы төменде көрсетілген (53-сурет). Еi алдымен интрузивті дене сидыруышы жыныстарға енеді, яғни ыстық контактпен (А). Кристаллизация үрдісі аяқталып, айтарлықтай уақыт өткенде экзотектік үрдістердің нәтижесінде қалыптасқан тау жыныстарының беткейі бұзылады (Б). Жер қыртысының тербелмелі қозғалыстары нәтижесінде ашылған тау жыныстарының беткі жағында басқа жас тау жыныстары қалыптасып, суық контакт түзеді (В, Г).



**53-сурет. Интрузивті денемен сидыруышы жыныстар арасындағы суық контакттің қалыптасуы**

Жалпылама интрузивті денелердің пішіндері мен контактілері гибридизация, ассимиляция, ликвация үрдістерімен байланысты.

### Магмалық тау жыныстар

#### Интрузивті

	Дуниттер, перидотиттер, $\alpha$ пироксениттер
	Габбро
	Диориттер, $\delta$
	Граниттер, $\gamma$
	Сиениттер, $\xi$
	Нефелинді сиениттер, $\varepsilon$
	Иолит-утриттер
	Анортозиттер

#### Эффузивті

	Базальттер, $\beta$
	Анdezиттер, $\alpha$
	Дациттер
	Липариттер, $\lambda$
	Трахиттер, $\tau$
	Фоидолиттер, $\varphi$
	Сілтілі үльтранегізді және сілтілі базальтты құрамды
	Пикриттер, $\eta$

**54-сурет. Магмалық тау жыныстарының шартты белгілері**

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Дискордантты топтағы денелерді атап және сипаттау
2. Конкордантты топтағы денелерді атап және сипаттау
3. Ауыспалы топтағы денелерді атап және сипаттау
4. Апофизаларды сипаттау
5. Дайкалардың пайда болу механизмін қима ретінде көрсету
6. Дайкалардың түрлері
7. Экзотикалық денелерді атап және қимада сыйып көрсету
8. Қимада гарполиттерді сыйзу
9. Интрузивті денелердің сидырушы жыныстармен жапсарлас жерлерінің морфологиясы
10. Контакттардың сұық және ыстық түрлерін сипаттау
11. Магмалық тау жыныстарының карталар мен қималардағы шартты белгілері

### **2.10 тақырып. Эффузивті жыныстардың астасу пішіндері.**

**Жоспар:**

1. Жанартаулардың құрылымы және атқылау тәртібіне байланысты жіктелуі
2. Атқылау тәртібіне байланысты жаңартаулардың түрлері
3. Жаңартаулық қызметтің өнімдері
4. Жаңартаулық таскелбеттер
5. Жаңартаулы-тектоникалық пішіндер

Эффузивтік (жанартаулық) қызмет деп, магмалық балқымалардың пайда болуы, қозғалуы, жер бетіне шығумен байланысты геологиялық үрдістердің жиынтығын айтады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде жанартаулар пайда болады. Жанартаулардың құрылышында магмажеткізгіш канал және оның үстіндегі құрылымды ажыратады.

### **Жанартаулардың құрылымы және атқылау тәртібіне байланысты жіктелуі**


Магмажеткізгіш каналдардың түріне байланысты жанартаулардың төмендегідей түрлерін ажыратады:

**Ортатекті жанартаулар.** Осындай түрлі жанартаулық құрылымдарда магмажеткізгіш канал цилиндр пішінде болады. Аталған канал әртүрлі үзілмелі бұзылыстардың қылышқан жерлерінде қалыптасады. Ортатекті жанартаулар арасында бірнеше түрлерін ажыратады.

А. Стратожанартаулар. Оларға конустәріздес құрылыштар тән. Қималарында лавалық және құлтектес материал арасында шөгінді материал кездеседі. Осындай жанартауларға мысал: Кавказдағы Эльбрус, Камчаткадағы Ключевская Сопка, Сицилия аралындағы Этна жанартауы.


Ә. Күлзалаңы (шлакты) конустар. Пирокластикалық (жанартаулық күл, туфттар мен туфиттер, агломераттар) материалдан құралған аласа конустар.

Б. Қалаканды жанартаулар. Қимада пішіндері линза тәрідес болып келетін және шығынқы жағы жоғары қарайтын жанартаулардың түрі осындағы лавалардың құрамы негізгі болып келеді. Аталған жанартаулар түріне Гавай аралдарындағы Мауна – Лоуа (4166м) және Килауэа (1230м) жанартаулары жатады.




55 – сурет. Стратожанартау және оның элементтері.

1 – лавалық жамылғылар, 2 – пирокластикалық жамылғылар, 3 – құрылымның іргетасы, 4 - магмажеткізгіш канал




56 – сурет. Құлзалалы конус.




57 – сурет. Қалқанды жанартау. 1 – лавалық жамылғы, 2 – жанартаулық құрылыштың іргетасы

**Жарықшактектік жанартаулар.** Осындаи жанартаулардың магмажеткізгіш каналы ретінде ірі үзілмелі бұзылыстар қарастырылады. Эртурлі уақытта үзілмелі бұзылыстар ашылып жер беткейіне базальттық лавалар ұмтылады. Аталған жанартауларға Исландиядағы Лакки жатады.



**58 – сурет.** Қалқанды жанартау (жобадағы көрінісі): 1 – магмажеткізгіш үзілмелі бұзылыс, 2 – лавалық жамылғылар мен ағындар, 3 – магмалық балқыманың ағысының бағыттары

**Ареальтектік жанартаулар.** Басым көпшілігі базальт құрамды болатын ұсақ жанартаулар жиынтығы. Мысалы: Индонезиялық архипелагының жанартаулары.



**59 – сурет.** Ареальтектік жанартаулар. 1 – жеке ұсақ жанартаулық құрылымдар, 2 – жеке жанартаулардың әрекетінен қалыптасқан лавалық алаң

Атқылау тәртібіне байланысты жаңартаулар төмендегідей болып бөлінеді:

**Эффузивтік** – лаваның (негізгі құрамды) жер бетіне шығуы бірқалыпты тыныш, ешқандай катаклизм мен жарылышсыз өтеді. Оның себебі магманың құрамындағы газдар сұйық балқымадан кедергісіз бөлініп шығады. Жаңартаулық құрылымдардың осындай түрінде лавалық материал басым болады. Оларға мысал Гавайи аралдарындағы жаңартаулар.

**Эксплозивтік (жарылыштық)** – лава шығуның осындай тәртібі орта және қышқыл құрамды қою магманың көтерілуімен түсіндіріледі. Ерігілген газдар осындай балқыманы тек қысым өте жоғары дәрежеге жетіп, магманы жару нәтижесінде босатады. Жарылыштардың нәтижесінде лава жоғары қарай әртүрлі бөлшектер, тамшылар ретінде көтеріледі. Суыған осындай бөлшектер қатты пирокластикалық материал түзеді. Мысалы Камчаткадағы жаңартаулар тізбегі (Ключевская Сопка, Плоский Толбачик, Безымянный).

**Аралас текті** жаңартауларда лаваның шығуы эффузивтік түрден эксплозивтік түрге ауыспалы тәртібімен ерекшеленеді.

**Экструзивтік** – лаваның жер бетіне сығылып шығуымен сипатталады. Пішіні күмбез тәріздес. Мысалы Мон Пелье жаңартауы.

## Жаңартаулық қызметтің өнімдері

Жаңартаулық қызметтің өнімдері болып лавалар мен вулканокласткалық материал табылады.

1. **Лавалар** – тұрақсыз (ұшқыш) компоненттерден босаған алюмосиликат құрамды балқыма зат. Физикалық-механикалық қасиеттеріне байланысты лавалар екі тектүрге бөлінеді:

А. Ағынды (паҳоэ-хоэ) лавалар. Олар негізді құрамды жоғары температуралы болады.

Ә. Кою (аа лава) температуралары төмендеу, құрамы орта және қышқыл.

Лавалар мұхит түбіне де құйылып шығуы мүмкін. Осындағы негізгі құрамды лаваларды *пиллоулавалар* деп атайды. Лава аз мөлшермен мұхит түбіне сығылып шыққанда, диаметрі 30 см дейін жететін шарлар түзеді. Осы шарлар бөлініп мұхит түбінде өз орнын ауыстырып отыруы мүмкін. Өлшемдері үлкен болған жағдайда олар жастықтар және ұзындығы 2 метрге жететін матрац түзеді.

2. **Вулканокласткалық материал** – борпылдақ немесе лавамен цементтелген, және күйген эфузивті немесе пирокластикалық материалдардың бөлшектері. Оның құрамында көлемі 50% аспайтын шөгінді материал кездесуі мүмкін.


Пирокластикалық материал борпылдақ, тығыз және күйген түрінде кездеседі. Осында борпылдақ материал – *тефра*, тығыз цементтелген материал – *туф*, күйген – *игнимбриттер* деп аталады.

Жаңартаулық жыныстар үшін келесідей жатыс пішіндер тән:

- Алғашқы – өзгермеген (бұзылмаған);
- Жаңартаулы-тектоникалық пішіндер – өзгерген (бұзылған).

## Жаңартаулық таскелбеттер

Қалыптасу жағдайларына байланысты жаңартаулық жыныстар үш топқа (таскелбеттерге) бөлінеді: эфузивтік (жербетілік), өзектік (жерловая), субвулкандық.




### 60- сурет. Жаңартаулық таскелбеттер

Эфузивтік: 1 – лавалық жамылғылар және ағындар; 2 – пирокластикалық жамылғылар және ағындар; 3 – **Өзектік (жерловая)**; Субжаңартаулық: 4 – субжаңартаулық интрузиялар; 5 – дайкалар

## Эффузивтік таскелбеттегі жыныстардың жатыс жағдайлары

Осы таскелбеттегі жыныстар балқыманың катаюынан және пирокластикалық материалдың жер бетіне немесе мұхит түбіне тұнбалануынан пайда болады. Төмендегідей денелерді қалыптастырады.


**Лавалық жамылғылар.** Олар үлкен аудандарды басып, жобада изометриялы пішінге жақын. Қималарда линза тәріздес. Линзаның шығынқы бөлігі жоғары не төмен бағытталған. Қалындығы бірнеше ондық метрден бірнеше жүздік метрге дейін жетеді. Жамылғылар лавалық пирокластикалық, игнимбриттік болады.



61 – сурет. Лавалық жамылғылар

I – жобадағы көрінісі; II және III қимадағы көрінісі


**Лавалық ағындар.** Жобадағы көрінісі линзалы болып табылатын лава құрамды денелер. Линзаның бір жақ шеті жаңарттаудың өзегімен түйіндеседі, екінші жақ шеті радиусты көрініспен алшақтанған.



62 – сурет. Лавалық ағындар.

I – жобадағы көрінісі; II және III қимадағы көрінісі

**Экструзивтік күмбездер.** Олар қышқыл құрамды қою лаваның жер бетіне сығылып шығыуынан пайда болады. Күмбездердің етегінде үгілудің әсерінен бұзылған жентектастар жатады (брекчиялар).




63 – сурет. Экструзивтік тасқелбет.

1 – экструзивтік күмбез; 2 – стратификацияланған жаңартаулық құрылым; 3 – күмбездің жентектастар (брекчиялар); 4 – жаңартаулық құрылымның іргетасы

### Өзектік тасқелбеттер

Аталған тасқелбеттің таужыныстары ретінде магмажеткізгіш каналдарда катайған лавалар мен пирокластикалық материал қарастырылады. Магмажеткізгіш каналының пішініне байланысты әртүрлі конфигурациялы денелер қалыптасады.


Егер магмажеткізгіш канал цилиндрлі болса, онда некктер пайда болады. Осындағы жағдай жаңартаулардың орталық тектүрінде кездеседі. Некктер жобада изометриялық болса, кимада цилиндрлі болып табылады. Геологиялық карталар мен кималарда лавалық жамылғылар мен оларға бастама берген магмажеткізгіш каналдар арасындағы шекара нүктелермен көрсетіледі (тескелбеттік шекара). Ол жамылғылар мен некктердің бірдей жаста екендігін білдіреді (64 – сур.). Егер жамылғы мен некк бір бірімен байланыссыз болса, онда олар арасындағы шекара біртұтас болып көрсетіледі.



64 – сурет. Жамылғылар мен некктер арасындағы шекаралардың түрлері (қимада)

Егер жаңартау жарықшақтық болса, магмажеткізгіш каналда балқыма қатып, дайкаларды қалыптастырады.


Жобалық көріністе дайкалар сақиналы және радиалды болып ажыратылады. Алғашқылары жаңартаулық конустардың шекарасын қайталайды, ал радиалдылары – радиустары бойынша созылып орналасады.



65 – сурет. Дайкалардың жобадағы және қимадағы түрлері мен көріністері

Қимада дайкалардың цилиндрлі (тікқабырғалы), конусты – тәбесі жоғары қараған конус түзетін және сақиналы – тәбесі төмен қарайтын конус түзетін түрлерін ажыратады (65 – сурет).

Өзектік тасқелбетінің ерекше деңесі ретінде жарылыс (кимберлитті) құбырлары қарастырылады. Олар терендікке қарай тарлай кішірейіп, дайка тәріздес деңелерге айналады. Мысалы Якутиядағы (Ресей Федерациясы) Мир құбыры (66 – сурет).



66 – сурет. Мир және Спутник кимберлиттің құбырларының көлемдік моделі мен қимасы.


1-6 – кембрий жүйесінің жыныстары (әктастар, мергелдер, доломиттер, гипс және ангидрит линзалары); 7 – долериттің қабатты денесі; 8-11 – кимберлиттің жыныстардың түрлері

### Жаңарттаулы-текtonикалық пішіндер



Биікшыңды жербедерінің элементтері ретінде қалған жаңарттаулардың орталық бөліктері төмен түсіп қалуы мүмкін. Осындай бөліктерін кальдералар деп атайды.

67 – сурет. Кальдераның қимадағы көрінісі.



Екі жаңартаулық конустан құралған және де екіншісі біріншін ің құрамында қалыптасқан құрылым **сомма** деп аталады.

**68 – сурет. Сомманың қимадағы көрінісі.**

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ортатекті жаңартаулар.
2. Жарықшақтектік жаңартаулар
3. Ареальтектік жаңартаулар
4. Атқылау тәртібіне байланысты жаңартаулардың топтастырылуы
5. Жаңартаулық қызметтің өнімдері
6. Эффузивтік тасқелбеттегі жыныстардың жатыс жағдайлары
7. Жамылғылар мен некктер арасындағы шекаралардың түрлері және олар нені білдіреді?
8. Өзектік тасқелбеттің ерекше денесі
9. Кальдералар мен соммаларға сипаттама
10. Лавалардың қашықтықта таралуы (ағуы) қандай көрсеткіштерге тәуелді?

#### **2.11 тақырып. Метаморфты жыныстардың астасу пішіндері**

##### **Жоспар:**


1. **Жалпы мәлімет.**
2. **Метаморфты жыныстардың мигматиттеленуі**
3. **Гнейсті сопак құрылымдар және гранитті-гнейсті құмбездер**

*Метаморфизм* деп, шөгінді және магмалық тау жыныстарының температура, қысым, флюидтердің әсерінен өзгеру үрдісін түсінеді.

Метаморфизм үрдісінің нәтижесінде тау жыныстары ерекше құрылыштық элементтерге ие болады. Олар: қабаттылық, гнейстәрізділік (гнейсовидность), жіктастылық (сланцеватость), будинаж.

Метаморфты тау жыныстарында қабаттылық шөгінді жыныстарындағыдан нақты немесе әзер, белгілі бір минералдың концентрациясы ретінде, көрінуі мүмкін.


Жоғарыда айтылғанмен коса метаморфты жыныстарда тағы ерекшелік бар – ол талшықтық және пластиналық минералдардың бір бағытта реттеліп орналасуы, мысалы: слюдалар, хлорит, амфиболдар, кварц және т.б. Бұл көрініс кристаллизациялы жіктастылық, ал метаморфталған интрузивті жыныстарда гнейстәрізділік деп аталады.



Будинаж – тау жыныстарының линзалануы. Осы үрдістің нәтижесінде қабаттар мен қабаттеріздес денелер деформациялар әрекетінен жекеленген блоктарға бөлінеді. Будинаж тау жыныстарының қабаттарына қиғаш кернеулер әсерін тигізгенде туынрайды. Осында физикалық–механикалық қасиеттері әртүрлі қабаттар бір-бірін ауыстырып отыруы байқалады. Мысалы: сазды жіктастар мен кварциттер.


**69 – сурет. Метаморфты жыныстардың деформациялануы.**

А – деформацияға дейінгі жыныстар қабаттары; Б – деформацияның алғашқы сатысы: амфиболиттердің үзілү алдындағы жіңішкеленуі; В – амфиболиттердің үзілүі және жекешеленген фрагменттерге – будиналарға бөлінуі. 1 – амфиболиттер; 2 – кристаллды жіктастар; 3 – әсер етуші құштердің бағыттары



70 – сурет. Будиналар морфологиясы.

1 – линзатәріздес; 2 – тікбұрышты; 3 – қиғашбұрышты; 4 – бұрыс пішінді.



### Метаморфты жыныстардың мигматиттеленуі

Жоғарғы температуралар әсерінен метаморфты қабаттарда гранит құрамды балқымалар қалыптасады. Олар метаморфты қабаттардың балқынан немесе түбтік облыстардан енү мүмкін. Осының нәтижесінде алғашқы жыныстар гранитті балқымамен қанығып немесе толықтай алмастырылып қалады.

Осылайша мигматиттер («мигма» - қоспа) пайда болады.

71 – сурет. Мигматиттердің түрлері.


А – қабатбойлық (строматиттер); б – бұтақты (дистониттер); в – үйінді (агматиттер); г – октамиттер; д – желілі, қызық иілген (птигматиттер); е - бұйрайланған; ғ – көленкелік.

### Гнейсті сопақ құрылымдар және гранитті-гнейсті күмбездер

Метаморфты жыныстар күмбезді құрылымдарда жиі кездеседі. Олар өлшемдері мен ішкі құрылышына қарай *гнейсті сопақ құрылымдар* және *гранитті-гнейсті күмбездер* болып ажыратылады.

*Гнейсті сопақ құрылымдар* архейлік метаморфты кешендерде өлшемдері 80-нен 800 км дейін жететін пішіні сақина немесе сопақша болып келетін түрде кездеседі. Олардың құрамында гнейстер, гранитті гнейстер, мәрмәр, кварциттер, мигматиттер болады.

*Гранитті-гнейсті күмбездер* гнейсті сопақ құрылымдардан өлшемдері бойынша кішілеу (жүздеген метрлерден ондаған км дейін). Орталық бөліктерінде гранитті немесе гранитті-гнейсті ядро болады (72-сур.).



**72 – сурет. Қимадағы гранитті-гнейсті күмбездер көрінісі**

**Бақылау сұрақтары:**

1. Будинаж пайда болу механизмі.
2. Мигматиттелену үрдісі.
3. Гранитті-гнейсті күмбездер.

### **2.12 тақырып. Жер қыртысының негізгі құрылымдық элементтері**

**Жоспар:**

- 1. Геосинклинді облыстар.**
- 2. Платформалар.**

Жер бедері мен жер қыртысының ішкі құрылышы бір- бірімен өте тығыз байланысты. Құрлықта кездесетін географиялық элементтер:

- Таулар
- Жазықтар
- Ойысты алқаптар және т.б.

Олардың пайда болуы физико механикалық қасиеттерімен байланысты. Осыған орай геологияда жер қыртысының 2 басты элементтің ажыратады.

- Геосинклиндер
- Платформалар

*Геосинклиндер* деп - ұзыннан ұзақ созылып жатқан геологиялық құрылымдар. Эндотекті үрдістер белсенді өтетін ірі тектоникалық элемент.

Геосинклинді облыстар әдетте платформалар немесе платформалық облыстарда орналасып үлкен қашықтықта созылып жатыр. Геосинклинді белдемдер құрамында әр – түрлі уақытта геосинклинді облыстар қалыптасады. Геосинклинді облыстар деп- терең геосинклинді ойыстардан құралған, құрамында өте қалың (30-40км) шөгінді және жанартаулы, жанартау текті шөгінді жыныстар қалыптасатын және тектоникалық қозғалыстармен магмалық үрдістер карқын дамитын жер қыртысының бөліктегі. Осы облыстардың даму барысында олар қатпарлы облыстарға айналады.

Геосинклинді ойыстар - олар геосинклинді облыстардың негізгі құраушы элементі. 2 түрі бар:

- Эвгеосинклиндер
- Миогеосинклиндер

Эвгеосинклиндер - («ев»- нағыз) өте ірі терең ұзілмелі бұзылымдардың бойымен дамитын ойыстар. Осы аудандарда эндотекті үрдістер көптеп өтеді.

- Магматизм
- Метаморфизм
- Дизъюнктивті дислокациялар.

Миогеосинклиндер («мио» - аралық) алғашқылармен салыстырғанда үлкен терендікке бармайды және олар ұзілмелі бұзылымдармен шектелмейді оларға карбонатты және сазды түзілімдер тән. Магматизм не мұлдем өтпейді немесе сирек кездесіп, әлсіз түрде байқалады.

Геосинклинді ойыстардан басқа геосинклинді облыстардың құрылышында келесідей элементтерді ажыратады.

- Геоантиклинді көтерілімдер
- Орталық массивтер
- Терен үзілмелі бұзылымдар.

*Геоантиклинді көтерілімдер* – олар геосинклинді ойыстар арасында араласып олармен салыстырғанда аумағы көтерікі болады. Көптеген жағдайда теңіз деңгейінен шығыңқы болады сол себептен денудация көтеп өтіп қалыптасатын түзілімдер кенетіп отырады. Осы жағдайдан стратиграфиялық үйлесімсіздіктер мен шөгінділер мен түзілімдер қалыптасудағы үзілістер жиі байқалады.

*Орталық массивтер* – геосинклинді облыстарда қалыптасатын негіз ретінде қарастырылады.

*Терен үзілмелі бұзылымдар жүйесі* – геосинклинді облыстарда өте жақсы және көтеп дамыған. Аталғандар әр түрлі элементтерден бір- бірімен шектеп ажыратып жатады.

Геосинклинді облыстардың дамуында 2 кезеңді ажыратады.

• Алғашқы немесе нағыз геосинклинді кезең. Басталғанда ойыстану үрдістері дами бастайды сол себептен трансгрессиялар қалыптасады. Сонымен қоса геосинклинді ойыстар, терен үзілмелі бұзылымдар, геоантиклинді көтерілімдерде терен дамиды. Осы уақытта эвгеосинклинерде айтарлықтай қалыңдықта сазды жіктасты жыныстар түзіледі. Одан кейін ультра негізді интрузиялар еніп үзілмелі бұзылымдар бойымен эндотекті үрдістер жалғасымын табады, әрі қарай қатпарларға иледі. Сол себептен геоантиклинді көтерілімдер орнына антиклинорийлер, ал ойыстар орнына синклинорийлер қалыптасады. Осы кезеңнің сонында ірі қышқыл интрузивті дene енүі байқалады және жалпылама деңгейдің көтерілуі басталып ороген атты өте ірі құрылым қалыптасады және оротекті келесі кезең басталуын алады.

• Оротекті кезең – көршілес платформалар арасында тау аралық ойыстар қалыптасады. Шекарасында құмтасты сазды, әктасты, лагуналық тау жыныстар пайда болады. Пайдалы қазбалардан мұнай, көмір және түзды алқаптар байқалады. Қалыңдығы 8-15 км. Осы кезеңде гранитті батолиттер қалыптасуы мүмкін. Осы кезең сонында тектоникалық қозғалыстардың тоқтауынан қалыптасқан ірі таулар бұзылып жойыла бастайды. Осы тегістелген ауданда платформалық даму уақыты басталады.

Қазіргі уақытта материктер құрамында келесідей геосинклинді белдемдерді ажыратуға болады.

1. Артикалық
2. Атлантикалық
3. Орал – монғолдық
4. Жерорта теңіздік
5. Тынық мұхиттық
6. Ішкі африкалық
7. Бразильдік.

Аталғандардың көбі жас платформаларға айналған ( жерорта теңіз, тынық мұхиттан өзгесі)

Жерорта теңіздік белдем - оротекті даму кезеңің өткеріш жатыр.

Тынық мұхиттық - нағыз геосинклини даму кезеңінде.

## Платформалар

**ПЛАТФОРМАЛАР** - Жер қыртысында орналасқан даму белсенділігі бойынша геосинклинерден баяу болатын өте ірі элементтер.

Құрылышы мен қалыптасу уақытына байланысты көне платформалар және жас платформалар деп бөледі. Көне платформалар Эпейрократондар (Эпейрос- құрлық, кратон-


платформа). Оларға баяу - тербелмелі қозғалыстар тән. Құрылымында 2 негізгі элементті ажыратады: іргетасы және платформалық тысы.

*Іргетас (фундамент)* төменгі қабат. Ол күрделі құрылымдағы элемент, осындағы тау жыныстар қалындығы бірнеше километрді құрайды. Оладың басым көпшілігі метаморфты (қатпарлы илген) және магмалық жыныстар (көбінесе граниттер)

*Платформалық тыс (чехол)* іргетас ретінде аймақтық бұрыштық үйлесімсіздікпен жатады. Шөгінді және еффузивті жыныстардан құралады. Қалындығы 3-4 км-ден аспайды. Олар біркелкі айтартықтай өзгеріссіз жатыска ие.

Көне платформалардың төнірегінде өтетін баяу-тербелмелі қозғалыстар әртүрлі құрылымның пайда болуынаа нақы себепкер

*Қалқандар* – көне платформалардың іргетастарының жер бетіне шыққан бөліктері. Олардың үстіне платформалық тыс не мұлдем кездеспейді, не оның қалындығы өте жіңішке болады. *Плиталар (тақталар)* іргетастардың төмен түсінен және сол себептен оның үстіне шөгінділердің көптеп түзілуінен п.б. ірі элемент.



73 – сурет. Платформа құрылышы. 1 – платформаның іргетасы; 2 – шөгінді платформалы тыс; 3 – үзілмелі бұзылыстар


Тақталардың төнірегінде синеклизалар, антиклизалар, периқратонды ойыстар, авлакогендер болады.

*Авлакоген* – грабен тәрізді ойыстар. Олар шөгінді және жанартаулы ойыстармен жарысып отырады.

*Периқратонды ойыстар* – тақталардың шетінде қалыптасатын ойысты элементтер.

*Синеклизалар* – тақталардың өте терең ойысталған бөліктері. Оларда платформалық тыс қалындығы 4 км жетеді.

*Антеклизалар* – тақталардың ішіндегі фундамент көтерілуімен қалыптасатын элемент, ондағы платформалық тыс қалындығы максималды 1-2 км.



**74 - сурет.** Тақта төңірегіндегі элементтер. 1 – платформаның іргетасы; 2 – шөгінді платформалы тыс; 3 – үзілмелі бұзылыстар

Көне платформаларды да терең үзілмелі бұзылымдар айтарлықтай дамиды. Соның әсерінен жер бетінде көп мөлшерде лавалар шығуы мүмкін. Кейде лавалардың шығуы өте күшті жарылыс ретінде болады. Осында жағдай байқалса диатремалар яғни жарылыс құбырлары қалыптасады (трубки взрыва). Олармен алмаз кенорындарын тіkelей байланыстырады. Диатремалар Оңтүстік Африкада Ресей Федерациясының Сібір белгінде карқын дамыған.

- 1.Шығыс Еуропалық
- 2.Сібірлік
- 3.Таримдік
- 4.Солтүстік Қытайлық
- 5.Оңтүстік Қытайлық
- 6.Колымалық
- 7.Солтүстік Америка
- 8.Солтүстік Африка
- 9.Оңтүстік Африка
10. Арабиялық
11. Үнділік
12. Австралиялық
13. Оңтүстік Америкалық
14. Шығыс Бразильдік
15. Антартикалық

Жас платформаларды көне платформалардан іргетасының жасы бойынша ажыратады. Көне AR- PR қалыптасса, жастарында R<sub>1</sub> мен PZ. Ал платформа тыстары R, PZ, MZ, KZ, жастарында MZ, KZ.

Жас платформалар көнемен салыстырғанда белсенді қозғалысқа ие. Қазіргі құрлықтарда келесідей жас платформалар бар:

- 1.Орал – Монгол
- 2.Шығыс Австралия
- 3.Артикалық белдем
- 4.Атлант белдемі
- 5.Ішкі Африкалық
- 6.Бразильдік

Жоғарыда аталған элементтер, олардың ірілері жер қыртысын құраушы элементтердің негізгілері б.т. Олар бір-бірімен тығыз байланыста.

Геосинклиnder мен платформалар жер бедерін өзгертудегі және ПК түзудегі үлесі зор. Геосинклинді аймақтар көбінесе шөгінді ағзалық яғни органикалық қалдықтарды жинап алады. Олар уақыт өте келе платформаларға айналады. Сол уақыт аралығында шөгінді жыныстардағы ағзалық қалдықтар метаморфтық, магмалық жыныстардың әсер етуінен қандай да бір минералға немесе пайдалы қазбаға айналуы әбден мүмкін. Мысалы, жер бетінде жақын орналасқан қабатта көміртекті ағзалық қалдықтар бар делік олар көптеген сыртқы әсер етуіші күштердің әсерінен 200км терендікке түсіп метаморфизм, магматизм әсерінен қатты метаморфталған алмаздарға айналып кетеді. Кейін осы қабат жер бетіне жақын аумаққа тектоникалық қозғалыстардың әсерінен қайта көтеріледі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Эв және миогеосинклиnderді сипаттау. Негізгі айырмашылықтары неде?
2. Геосинклинді облыстардың даму кезеңдері.
3. Қазіргі геосинклинді белдемдерді атау.
4. Платформа анықтамасы және оның түрлері.
5. Көне платформаларды атау.
6. Платформаның құрылышы.
7. Көне және жас платформалардың айырмашылықтары.
8. Жас платформаларды атау.

### **2.13. тақырып. Карта бойынша аймақтың геологиялық құрылышын жалпы талдау**

Осы тақырып пән бойынша орындалатын курстық жұмыска сай болғандықтан, осында жұмыстың бөлімдері сипатталады.

Аймақтың геологиялық құрылышын карта бойынша талдау келесі бөлімдерден тұрады:

- Кіріспе.
- Орогидография (жербедері мен өзен жүйесін сипаттау).
- Стратиграфия.
- Магматизм.
- Тектоника.
- Ауданың геологиялық даму тарихы.
- Пайдалы қазбалар.
- Корытынды.

**Кіріспе.** Осында жұмыстың мақсаттары мен міндеттері және оларды шешу әдістері көрсетіледі. Картада көрсетілген ауданың геологиялық құрылышына қысқаша сипаттама беріліп, еліміздің қандайда бір, геологиялық құрылышы үқсас, өңірімен салыстырылады. Көлемі – 1 бет.

**Орогидография.** Бөлім жербедеріне жалпы сипаттамадан басталады (таулы, жазық). Таулы бедерге абсолюттік белгілер 500 м жоғары, биіктаулы бедерге - 2000 м жоғары. Бедерсызықтарының (горизонтальдар) орналасуы бойынша жербедерінің бөлшектеленгені, бөктердің еністеленуі (круглизна склонов) талдауға салынады.

Өзен жүйесін сипаттау бассейндер бойынша жүргізіліп, ірісінен басталады. Өзендердің орналасуы, ағыстарының бағыттары көлтіріледі. Салалары сипатталады. Көлемі – 2 бет.

**Стратиграфия.** Осы бөлімге алдын ала кіріспеде ауданда кездесетін барлық қабатталған шөгінділер көнсінен жасына дейін көлтіріледі. Тау жыныстарын сипаттау топтар, олардың ішінде жүйелер, қабаттар немесе тастопшалар бойынша жүргізіледі. Стратиграфиялық бірліктерді баяндау келесі тәртеппен орындалуы қажет:

- Түзілімдердің аудандағы орналасуы;
- Төмен және жоғары жатқан қабаттармен қатынастары (жатысы);
- Түзілімдердің қысқаша литологиялық сипаттамасы;

- Органикалық қалдықтардың болуы және сипаттамасы;
- Қалыңдығы.

Бөлім көлемі 10-15 бет.

**Магматизм.** Интрузивті жыныстар. Бөлім басында интрузивті кешендер аталып, жалпы шолу орындалады. Одан кейін әрбір кешен жеке сипатталады. Сипаттау тақырыпша мен интрузивті кешенің индексін жақшада беруден басталады. Кешенің жалпы сипаттамасы, енү фазаларының саны, одан жататын массивтердің орналасуы беріледі. Кейін жақсы зерттелген бөлек интрузивті денелер төмендегі реттілік бойынша сипатталады:

- Дененің пішіні мен өлшемдері, оның морфологиялық тектурі;
- Сидыруши жыныстармен қатынасы;
- Массивтің геологиялық жасы және оның негізделенуі;
- Интрузиялардың жапсарлас әрекеттері.

Бір уақытта пайда болған жыныстар бар кезде сипаттау негізгі құрамдағылармен басталып, одан кейін орта және қышқыл жыныстарды сипаттаумен жалғасады.

**Тектоника.** Ауданның тектоникалық құрылышы тектоникалық сыйба мен геологиялық қима құрылғаннан кейін сипатталады. Бөлімді ауданның қандай тектоникалық облысқа жататынын айтудан бастайды.

Үйлесімсіздіктердің түзілімдердің дислокациялану дәрежесін, олардың литологиясын, магматизм тәртібін талдай отыра, құрылымдық қабаттар бөлініп шығарылады. Осы қабаттарды көнсінен бастап жасына қарай сипаттайтынын айтудан бастайды. Қатпарлы құрылымдарды баяндаган кезде ең алдымен олардың географиялық орналасу ауданың, жобадағы және қимадағы морфологиялық өрекшеліктерін көрсетеді. Қатпарларды құраушы ядро мен қанаттарының жастары, жатыс элементтері беріледі. Ең ірі қатпарлар жеке сипатталса, кішілері топтастырылып жалпы сипатталады.

Моноклинді құрылымдарды сипаттаған кезде олар қандай жыныстармен түзілгенін және созылуымен құлауын баяндайды.

Үзілмелі бұзылымдар қатпарлармен байланысты болса, қатпарлармен бірге сипатталуы тиіс.

Үзілмелі бұзылымдарды сипаттау мәліметтері: тектурі мен түрі, қандай жыныстардың үзетіні, олардың тау жыныстарының жатыс элементтеріне қатысты орналасуы, жылжу амплитудалары, жасы.

Осы бөлім тектоникалық сыйбамен толықтырылады. Осы сыйба көшірмеге арналған жылтыр қағазды (калька) геологиялық карта үстіне қойылып орындалады, мәтіннің соңында тіркеме ретінде қойылады. Сызбада тектоникалық қабаттар сәйкес түстермен боялады. Интрузивті жыныстар өздерінің шартты белгілерімен бөлінеді (кара түспен). Тау жыныстарының жатыс элементтері де көрсетіледі. Осы сыйбага қойылатын техникалық талаптар геологиялық картамен бірдей.

**Ауданның геологиялық даму тарихы.** Осы бөлім стратиграфиялық бағанды, геологиялық картаны, тектоникалық сыйбаны талдауда негізделген. Осында геологиялық тарихта болған қандайда бір тектоникалық және палеогеографиялық орталарға тән негізгі кезендерді бөліп шығару қажет. Таскелбеттік талдау негізінде ірі трансгрессиялық және регрессиялық кезендер бөлінеді.

**Пайдалы қазбалар.** Ең алдымен геологиялық картада көрсетілген кензорындар аталады (бар болса). Одан кейін ауданға пайдалы қазбалар бойынша болжамдар беріледі. Осы болжамдар іздеу белгілері мен сілтемелерін (поисковые критерии и признаки) білу, тау жыныстарының топтарының элементтермен байланыстарын білу негізінде орындалады.

**Корытынды.** Ауданның геологиялық құрылышының өрекшеліктері, қандай пайдалы

қазбларды күтүге болатындығы туралы жазылады. Сонында курстық жұмыстың қандай септігі бар екендігі туралы жазылады.

**Бақылау сұрағы ретінде тақырыпты бекіту үшін студенттерге кішігірім геологиялық карта өздік жұмысы ретінде беріледі.**

### **3 бөлім. Геологиялық карталау.**

#### **3.1 тақырып. Геологиялық карталаудың мақсаттары мен түрлері.**

**Жоспар:**

- 1.Геологиялық карталау және оның мақсаттары.**
- 2.Геологиялық түсірімнің түрлері.**

1) Геологиялық карталау (*геологиялық түсірім*) - геологиялық карта жасауға бағытталған жұмыстар жиынтығы. Оның негізгі мақсаттары:

1. Ауданның геологиялық құрылымы туралы мәліметтер алу.
2. Пайдалы қазбалардың ауданның стратиграфиясы, литологиясы, петрографиясы, тектоникасымен байланысын анықтау.

2) Геологиялық түсірімнің жүктелген міндеттеріне қарай келесідей түрлерін ажыратады:

1. Жалпы түрлі
2. Бейімділген
3. Арнайы

1.Жалпы түрлі түсірімдер кешенді және мемлекеттік болып табылады. Масштабына байланысты бөлінеді:

- a. Ұсақ 1:1000 000 - 1:500 000
- ә. Орта 1:200 000 - 1:100 000
- б. Ірі 1:50 000 - 1:25 000

Алғашқылары 1:1000 000, 1:200 000, 1:50 000-негізгі, ал қалғандары 1:500 000, 1:100 000 және 1:25 000 геологиялық құрылымы курделі биік таулы жерде колданыладылатын түсірілімдер.

Жалпы түрлі түсірімдердің басты ерекшеліктері, оның кешенділігі мен түсіріммен қоса жүретін ПК-ның барлық түрін іздеуде.

Түсірімнің кешеніне келесі жұмыстар жатады:

- а) металлометрия(геохимиялық жұмыстар)
- ә) түпшаймалы сынамалау
- б) радиоактивті элементтерді іздеу
- в) геофизикалық жұмыстар
- г) таулы-бұрғылау жұмыстары

2) Бейімділген түсірімдер ірі немесе көбінесе бөлшекті масштабтарда (1:10000, 1:5000, 1:2000, 1:1000, 1:500) жүргізіледі. Кейде оларды жергілікті деп те атайды.

Олардың мақсаты:

- 1.Пайдалы қазбалардың бір немесе екі түрін іздеуді қамтамасыз етеді.
- 2.Пайдалы қазбалардың таралуын күтүге болатын таужыныстары мен құрылымдық пішіндерге ерекше назар аударылады.

3) Арнайы түсірімдер әр түрлі өнеркәсіп салаларының мүдделерін қанағаттандыру үшін жүргізіледі. Осы түсірімдерге:  
1.Құрылымдық;  
2.Гидрогеологиялық;

3.Инженерлі – геологиялық;

4.Геоморфологиялық түсірімдер жатады.

Құрылымдық түсірімдер платформаларда, ойыстарда және таулы жерлерде жүргізіледі. Оның мақсаты мұнай мен газ жиналуына лайықты терең құрылымдарды табу.

Гидрогеологиялық түсірім жерасты суларының сапасын, тәртібін және іс-әрекетін карастырады.

Инженерлі геологиялық түсірім қалалық және жолдық жұмыстарды жобалауға, жаңа кенорындарды игеруге арналған.

Геоморфологиялық түсірім кезде-басты назар таужыныстарына емес, олар түзген жер бедер пішініне аударылады.

### **Бақылау сұраптары:**

1. Геологиялық карталау және оның мақсаттары.
2. Геологиялық түсірімнің жүктелген міндеттеріне қарай түрлері.
3. Жалпы түрлі түсірімдердің масштабқа байланысты түрлері.
4. Бейімділген түсірімдер және оның мақсаттары.
5. Арнайы түсірімдердің жүргізу мақсаттары.

## **3.2 тақырып. Геологиялық карталаудың әуе- және гарыштық әдістері.**

### **Жоспар:**

- 1. Жалпы мәліметтер**
- 2. Әуебейнетүсірімнің түрлері**
- 3. Әуебейнематериалдардың түрлері**
- 4. Әуебейнесуреттерді геологиялық бажайлау**

*Әуебейнетүсірімнің түрлері* – визуалды түрде немесе әртүрлі аспаптардың көмегімен жүргізілетін және алынған деректерді бақылау жұмыстарымен талдайтын жер бетін зерттеу әдістер кешені. Геологиялық зерттеулер кезінде әуевизуалды, әуефотографиялық және фотоэлектронды әуебейнесуреттердің топтарын қолданады.

*Әуевизуалды әдістер* - зерттелетін обьектілерді тікелей аудан бақылаумен байланысты. Зерттеушілер ұшақ немесе тікүшшатан қажетті аудандарды бақылап, мәліметтерді карталарға көшіріп, фото, бейне таспаларға түсіреді.

*Әуефотографиялық әдістер* – әмбебап болып табылады, себебі геологиядан басқада шаруашылық салаларында қолданылып, бейнесуреттерді қажетті масштабта бере алады. Бейнесуреттер қара-акты және түсті болады.

*Фотоэлектронды әдістер* жоғарғысымен салыстырғанда геологиялық обьектілерді электромагниттік тербелістердің қасиеттері бойынша зерттеуге мүмкіншілік береді.

### **2.Әуебейнетүсірімнің түрлері**

Бірнеше түрлерін ажыратады: жобалық, перспективалық, бағытжолды.

*Жобалық түсірім* кезінде фотоаппараттың оптикалық осі Жер беткейінің орта деңгейіне перпендикуляр болуы тиіс. Ауытқу максималды түрде үш градусқа дейін болғаны рұқсатталады. Жобалық суреттер барлық нүктелерде бірдей масштабта болады. Геологиялық зерттеулер кезіндегі басты түсірім – жобалық түсірім.

*Перспективалық түсірім* кезінде фотоаппараттың оптикалық осі айтарлықтай ауытқуда. Осы ауытқулар бір суреттің әртүрлі нүктелерінде масштабтың өзгеруіне тұра себепкер.

Перспективалық түсірімдерді таулар бөктерін, ойысты жерлерді, карьерлерді зерттеу кезінде қолданады.

*Бағытжолды түсірім* белгілі бір бағыт бойынша жобалық немесе перспективалық бола алады. Бейнесуреттерде жіңішке алқап көрсетіледі. Мысалы, жағалау сзығы, өзен жайылмасы және т.б.

### **3.Әуебейнематериалдарың түрлери**

- жапсар басылым (контактная печать) таспадан шығарылған бейнесуреттер. Тұсірім масштабтарының кеңінен тараган түрлері: 1:5000; 1:10 000; 1: 17 000; 1:32 000; 1:65 000; 1: 100 000. Әуебейнесуреттер стандарттарға сай келесідей елшемдерде болады: 18\*18; 24\*24; 30\*30 см.

- ілмекті монтаждың репродукциясы;
- фотосхемалар;
- фотожобалар мен фотокарталар.

### **4. Әуебейнесуреттерді геологиялық бажайлау**

Бажайлауды бейнесуреттерде көрсетілген объектілерді анықтау үшін жүргізеді. Бажайлау топографиялық, геологиялық немесе басқа мақсатты болуы мүмкін.

Геологиялық бажайлау кезінде бейнесуреттерден геологиялық шартты белгілермен бөліп шығаруға болатын объектілерді қарастырады.

Геологиялық бажайлау арқылы шешілетін мақсаттар:

- 1) Жергілікті жердің моделін берілген масштабта алу;
- 2) Геологиялық объектілердің көрсеткіштерін тыңғылықты жұмыстар кезінде анықтау;
- 3) Жербетілік бақылау нұктелерін нақты және тиімді орналастыру; оларды сенімді түрде бекіту;
- 4) Даалық бақылаулар арқылы анықталмайтын жербетілік геологиялық құрылыштың ерекшеліктерін анықтау;
- 5) Бірнеше зерттеу объектілерін бір уақытта қарастыру мүмкіндігі;
- 6) Алдын ала бажайлау арқылы ауданның геологиялық және геоморфологиялық ерекшеліктерін білу;
- 7) Ауданның ашылу дәрежесін анықтай отыра, ашылған участкердің біліп, толық бағытжолдарды тандау.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Әуе әдістер және оның түрлері.
2. Әуебейнетүсірімнің түрлері.
3. Әуебейнематериалдарың түрлері.
4. Геологиялық бажайлау арқылы шешілетін мақсаттар.

### **3.3 тақырып. Геологиялық тұсірімнің дайындау кезеңі.**

Геологиялық тұсірім ірі көлемді жұмыстарды қамтитын болғандықтан оны 3 кезеңге бөледі:

- Даирлық кезең
- Даалық кезең
- Тыңғылықты өндөу кезеңі

Үш кезең бірінен соң бірі тоқтаусыз жүріп отыруы тиіс. Даирлық кезең барысында орындалатын жұмыстарға жоба құрылады. Жобада негізінен жұмыстардың өткізу тәсілдерін жүргізу, көлімдердің мәліметтер беріледі: ауданның қысқыша сипаттамасы, осыған дейін жүргізілген жұмыстар нәтижелері, геологиялық сиаттамасы және т.б.

Осы кезеңде ғылыми геологиялық дайындық жүргізіледі. Даындық әдеби және мұралық материалдарды зерттеу негізінде жүргізіледі. Осында жұмыстар төмендегі пункттерден тұрады:

- Аудан бойынша бар материалдарды талдау; бар таужыныстарды, олардың шлифтерін зерттеу.

- Зерттелетін ауданың көршілес территорияларда жүргізілген жұмыстар нәтижелерін талдау. Осы талдау жұмыстарды орындаудың тиімді әдістерін таңдау үшін орындалады.
- Қазіргі заманда жаңа әдістерді қарастыру.
- Осыған дейін жүргізілген жұмыстардың фактілік материалдар картасын құру.
- Зерттелетін ауданда белгілі кенорын пайдалы қазба блгілерін геофизикалық және геохимиялық аномалияларды тіркеу.
- Әуе-бейне түсірім материалдарын зерттеп қарастыру.
- Бұрын жүргізілген геофизикалық және геохимиялық жұмыстар мәліметтерін жаңа әдістерді қолдана отыра қайта қарастыру.
- Алдын ала болжамды геологиялық, геоморфологиялық және пайдалы қазба карталарын құру.
- Жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын негіздік легенда құрып далалық зерттеулерді және олардың мәліметтерін енгізуге арналған құжаттарға тапсырыс беру.

Барлық картографиялық материалдар орындалатын жұмыстар масштабындағы топонегіздер мен фотожобаларда орындалды. Егерде қажетті мәліметтер аз болса, онда зерттелетін ауданға алдын ала кішірім зерттеуші ұжымы жіберіледі. Оның құрамы әдетте инженерлер (4-5 адамға дейін) және көмекші жұмысшылар (6-адамға дейін). Осы ұжымның жұмыстары 3 айға дейін жүргізуі мүмкін. Алынған мәліметтер бар мәліметтерге қосылады.

Осы кезеңде ұйымдастыру тұрмыстық дайындық жүргізіледі, яғни осы уақытта партия (негізгі ұжым) толықтай құрылады. Сонымен қоса төмендегі мәселелер шешіледі: көлікпен, азық-тулікпен, қажетті құрал-жабдықтармен, аспаптармен, байланыс құралдарымен және қажетті басқа материалдармен қамтамасыз ету.

Көліктің түрін таңдау ауданың физикалық-географиялық және экономикалық ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Негізгі өндірістік көлік ретінде автомобилдер, тракторлар, жол талғамайтын көліктер, қайықтар, тікүшақтар қолданылады. Керек болған жағдайда көмекші көліктер ретінде сол ауданға лайықты жануарлардың түрлері де қолданылуы мүмкін.



75 – сурет. Геологиялық жұмыстар кезінде қолданылатын көліктің кейбір түрлері

Даярлық кезеңнің сонында арнайы комиссия ұжымның келесі кезеңге дайындығын тексереді: инженерлі-техникалық жұмысшылар қауіпсіздік техника ережелері бойынша емтихан тапсырады, ал жұмысшыларға геологиялық жұмыстарда орындалатын ережелер талқыланады. Егерде дайындық жұмыстарының сапасы төмен болып ұжымның құрамы толмаса, онда далалық жұмыстарды бастауға тыйым салынады. Ұжымның жұмыс ауданына шығуы кәсіпорынның немесе бірлестіктің жарлығы бойынша рәсімделеді. Осы кезең жұмыс орнына жұмысшыларды, материалдарды, аспаптарды, жеткізумен аяқталады. Қажетті жағдайда орналасу базасында ұшатын көліктерге арналған орындар мен жолдар салынады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Фылыми дайындық жұмыстары.
2. Кішігірім зерттеуші ұжымның құрылу себептері және құрамы.
3. Көліктің түрлері және қолдану жағдайлары.
4. Даярлық кезеңнің сонындағы іс-әрекеттер.

### **3.4 тақырып. Геологиялық түсірімнің далалық кезеңі.**

#### **Жоспар:**

1. Ұйымдастыру сатысы.
2. Өндірістік-далалық саты.
3. Аяқтаушы саты.

Далалық кезең геологиялық түсірімнің ең көлемдісі болып табылады. Осы кезеңнің өзі сатыдан тұрады. Кезеңнің жалпылама ұзақтығы жұмыс жобасымен анықталуы тиіс:

1. Ұйымдастыру сатысы - осы сатыда ұжым базасы құрылып күнделікті тұрмыстық қажетті жағдайлар орнатылып құрылады. Ауданмен накты танысу шолу бағыт жолдары арқылы орындалады. Осы бағыт жолдар алдын ала жобаланады. Олар ең негізгі стратиграфиялық қималарда, кенорын, ағзалардың қалдықтары табылған нүктелерді, басты жер бедері элементтерін және су объектілерін қамтуы тиіс. Барлық кенорындарға экскурсиялар олардың тектік түрімен танысу үшін жүргізіледі. Қазба қалдықтарды зерттеу таужыныстардың салыстырмалы жасын білу үшін жүргізіледі. Осындағы бағыт жол нәтижесінде таужыныстар түрлерін, қолданылатын индекстер және стратиграфиялық белгілер нактыланады.

2. Өндірістік-далалық саты. Осы кезеңнің негізі болып табылады. Осында барлық қажетті жұмыстар олардың түрлері жүргізіледі. Яғни түсірім аэровизуалды зерттеулер, геофизикалық, геохимиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, петрографиялық, палеонтологиялық, стратиграфиялық және басқа жұмыстар. Қажет болған жағдайда бүрғылау ұңғымалары нүктелері анықталады. Осы сатының өзінде күнделікті немесе белгілі бір уақыт аралықта тыңғылықты өндеу жұмыстары жүргізіледі.

3. Аяқтаушы саты. Барлық далалық жұмыстар аяқталып жүргізілгеннен кейін орын алады. Осында далалық материалдарды тыңғылықты өндеу жүргізіледі. Егерде тыңғылықты өндеу кезіде түсініксіз мәселелер туындаса, солар бойынша қосымша бағыт жолдар орындалады. Саты сонында арнайы комиссия далалық материалдарды қабылдауы тиіс. Егер қабылдау кезінде қандай да бір қателіктер, сенімсіз мәліметтер анықталса, осындағы материалдар қателерді жоюға қайтарылады. Кейде анықталған қателерді келесі жылғы далалық кезеңде орындауға болады, бірақ ең соңғы далалық кезеңнің материалдарын қателермен немесе толық емес мәліметтермен қабылдауға болмайды. Далалық жұмыстар қабылдаушы комиссияның арнайы актілерінде қойылған қолдарынсыз аяқталған деп саналмайды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ұйымдастыру сатысындағы іс-әрекеттер.

2. Өндірістік-далалық сатысындағы іс-әрекеттер.
3. Аяқтаушы сатысындағы іс-әрекеттер.

### **3.5 тақырып. Геологиялық түсірімнің тыңғылықты өндеу кезеңі.**

Даярлық кезең аяқталғаннан соң, сол кездегі анықталған барлық мәліметтер өндеуден өтеді. Осында барлық фактілік материалдар (ұлгілер, сынамалар, түпшаймалар) графикалық материалдар (карталар, абрисстер, қымалар, бағандар), геологиялық құжаттау қарастырылады. Өндөлген материалдар реттеліп рәсімделіп өткізілген жұмыстар бойынша есеп құрылады. Есепте келесілер болуы тиіс: есептің мәтіні (кіріспе, геологиялық бөлімі, қорытынды), графикалық материалдар (ауданның шолу картасы, геологиялық карта, геохимиялық, геофизикалық карта, пайдалы қазба картасы, тірек қымалары, тектоникалық карта). Есептің мәтінінде өндөлген геологиялық мәліметтер көрсетілуі тиіс. Осында ауданның әрбір бөлігінде қандай пайдалы қазбалар күтүге болатыны туралы тұжырымдар жасалуы қажетті болған жағдайда геологиялық барлау жұмыстарының алғашқы сатыларын қоюға кеңес беріледі.

Толықтай рәсімделген есеп, арнайы орталықтарда қорғалып міндетті түрде мұраға тапсырылуы тиіс.

### **3.6 тақырып. Аймақты геологиялық зерттеулердің кәзіргі мәселелері**

**Жоспар:**


- 1. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі туралы.**
- 2. «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы туралы.**

### **Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі туралы.**

Елімізде геологиялық жұмыстар Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мен «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамымен тікелей байланысты.


Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) индустрія және елді индустріялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, машина жасау, химия, фармацевтика, женіл, ағаш өндеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылых индустріясы және құрылых материалдары өндірісі, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; электр энергетикасы; көмірсугегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару; көмір өнеркәсібі; атом энергетикасын пайдалану, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау, энергия үнемдеу саласында басшылық етуді, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді (бұдан әрі - реттелетін салалар) жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Инвестиция комитеті, Өнеркәсіп комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті, Мемлекеттік энергетикалық кадағалау және бақылау комитеті, Туризм индустріясы комитеті, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті.



**76 – сурет. Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің құрылымы (2013 жылдың тамыз айы).**

**«Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы туралы.**



«Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 17 сәуірінде өткен кеңейтілген мәжілісіндегі Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 21 маусымындағы қаулысына сәйкес құрылған.

Құрылу мақсаты Қазақстан Республикасы аумағының тиімді менгерілуін қамтамасыз ету, келешек үрпақ қоры үшін жаңа минералдық-шикізаттық базалар құру және халық тіршілігі үшін жағымды жағдай жасау, сонымен қатар Каспий қайрағының қазақстандық секторындағы Қазақстанның экономикалық және геосаяси мүдделерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

**77 – сурет. Астанадағы ИЖТМ орналасқан Transport Tower ғимараты.**

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-аукат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Кор) тиесілі, Компанияның 100% акция пакеті Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігіне сенімгерлік басқаруға табысталған.

2012 жылдың желтоқсан айында 2022 жылға дейін «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамын дамытудың жаңа стратегиясы бекітілді. Осы Стратегия «Қазгеология» АҚ-ның ұзақ мерзімді келешегіне қойылған миссиясын, көзқарасы және стратегиялық мақсаттарын айқындайды. Стратегиялық міндеттері алға қойылған мақсаттарға табысты жетуге бағытталған, ал қызметінің орнатылған өзекті көрсеткіштері оларға жетудің индикаторлары болып табылады. Жалпы Компанияның қызметі өндірілген минералды ресурстар мен қорларға қатысты барланғаның орнын толтыру бөлігінде Қазақстан экономикасына жағымды әсер етеді.

Қоғамның негізгі қызметінің түрлері:

1. Геологиялық барлау жұмыстары, оның ішінде: өнірлік геологиялық-түсіру жұмыстары, қатты пайдалы қазбаларды, уранды, көмірсутекті шикізатты, жерасты суларын коса алғанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлеріне іздестіру жұмыстары, пайдалы қазбалардың барлық түрлеріне іздестіру-бағалау жұмыстары, жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстары.
2. Геология саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.
3. Геофизикалық жұмыстарды орындау.
4. Қатты пайдалы қазбаларға және жерасты суларына ұнғымалар бүрғылау.
5. Көмірсутекті шикізатқа параметрлік және тіреу ұнғымаларын бүрғылау.
6. Тау-кен қазбаларының қуыстары.
7. Геологиялық барлау жұмыстары кешенін жобалау.
8. Зертханалық-талдау зерттеулері.
9. Пайдалы қазбалар кенорындарын геологиялық-экономикалық бағалау, пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану сапасының техникалық-экономикалық негізdemесін әзірлеу.
10. Жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша геологиялық деректердің электрондық базасын құру.
11. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызметті жүзеге асыру.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің ведомстволарын атау.
2. «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» құрылу мақсаты.
3. Қоғамның негізгі қызметінің түрлері.

### **Ұсынылған тәжірибе сабактары:**

**1.1 тақырып.** Әртүрлі геологиялық карталармен танысу, оларды безендіру. Топографиялық профильды құру геологиялық немесе топографиялық 1:10000 дең 1:50000 дең масштабты карталар бойынша.

**2.3 тақырып.** 5-6 қабаттың шығуы немесе бұргылаудың мәлеметтерін көрсетілгенімен ( 1:1000 - 1:10000 масштабы) топографиялық тіректе горизонтальды астасуы бойынша геологиялық карталарды құрастыру.

Картаның мәлеметтері арқылы геологиялық қима құрастыру. Геологиялық картадағы қабаттың горизонтальды астасуыдаң мәлеметті арқылы стратиграфиялық баған құрастыру.

Геологиялық картаны, қамаларды, стратиграфиялық бағандарды ватман парғында карталарды құрастыру мен безендіру нұсқаулық талаптарына сай безендіру.

**2.4 тақырып.** Бланкты карталарда еністі қабаттың шығуын бір нүктеге арқылы астасу элементтерінің және қабаттың нақты қөшеліліктерінің мәлеметтері бойынша құрастыру.

Жербедерінің горизонтальдары арқылы (карта бойынша) еністі қабаттың астасу элементтерін анықтау үшін мақсаттарды (зедачи) шешу.

Карта (графикалық немесе формулалар арқылы) бойынша еністі қабаттың (қатпардың кесілген қанатын) қөшелілігін анықтау.

Үш ұнғыма мәлеметтері (карта бойынша) арқылы төрттік түзілімдерімен жабылған еністі қабаттың астасуы элементтерін анықтау.

Қабаттың еністі астасуы (моноклинальды) бойынша геологиялық карта арқылы қима құрастыру.

**2.5 тақырып.** Карта бойынша қатпардың түрлерін, санын және қатпардың қанатында қабаттың қөшелілігін анықтау.

Геологиялық карта бойынша қарапайым және бір нақты тәсілдер арқылы қима құрастыру.

Стратиграфиялық горизонттардың беткейі бойынша құрылымды карталар құрастыру.

**2.6 тақырып.** Жырылымды жылжуы арқылы геологиялық карта бойынша қима құрастыру.

Геологиялық пен құрылымды карталарында жырылымды құрылымдардың түрлерін анықтау.

Карта бойынша жырылымды бұзылыстардың элементтерің және ығысу амплитудсын анықтау.

Геологиялық карта бойынша жырылымды бұзылыстарымен қима құрастыру.

**2.7 тақырып.** Жарықшақтардың раушангул-диаграммасын құрастыру, орташа мәлеметтерін бланкты картага енгізу.

**2.9 тақырып.** Интрузия бейнелеуімен геологиялық карта бойынша қима құрастыру.

Интрузивті денелердің морфологиялық түрлерін және интрузивті әрекеттің ретреттілігін, интрузияллярдың салыстырмалы жасын анықтау.

**2.10 тақырып.** Жанартаулы-шөгінді сериялардың таралуымен аймақтын геологиялық картасымен жұмыс жасау.

Картада жанартаулы-шөгінді түзілімдер таралуы бойынша қима құрастыру.

**2.11 тақырып.** Магмалық және метаморфтық жыныстардың таралуымен аймақтын геологиялық картасымен жұмыс жасау.

Осы карта арқылы интрузивті, эфузивті және метаморфты жыныстардың жасын анықтау.

**2.12 тақырып.** Геологиялық карта бойынша құрылымды қабаттардың санын орналасыту; метаморфты түзілімдердің геологиялық құрылымдар түрлерінің ретреттілігін; интрузивті мен эфузивті әрекеттерінің сипаттамасын және анықталу пішінін; негізгі құрылымдар түрлерінің арасындағы әрекеттесуі, олардың аймақтық пен тарихи пландарында қалыптасуы, әртүрлі құрылымдардың байланысы және олардың пайдалы қазбаларымен көмплексі.

Рудалану саласын және мүмкіндік минерализация зоналарын анықтау. Жағдайларды прогноздеу және пайдалы қазбалардың осы тектоникалық жағдайында астасу пішінідері.

**3.1. тақырып.** Бір аймақтың зерттелуін қолдануын көрсететін әртүрлі масштабты карталармен жұмыс істеу. Түсірудің нақтылықтың айырмашылығын анықтау. Арнайы карта негізгі түрлерімен жұмыс жасау.

**3.2. тақырып.** Стереоскоп арқылы әуебейнетүсірімдерді қарастыру. Тау жыныстардың астасу жағдай мен литологиялық құрамын бажайлау және астасу элементтерін анықтауды.

**3.3. тақырып.** Фактілі материалдар карталарын талғау. Геологиялық қима ашылымдардың баяндауына және бұрғылау ұнғымалардың карталау мәлеметтері арқылы құрастыру. Изолиниялар арқылы құрылымды карталар мәлеметтер арқылы құрастуры. Тұғырлы, геосинклинальды, орташа аймақтарының геологиялық карталарды оқу. Әртүрлі геологиялық карталардың мазмұның анализі. Тісіру бойынша дайын геологиялық есептен жұмыс жасауды.

### **Курстық жоба.**

Геологиялық картографиялаудың және құрылымды геологияның пәннің оқу жиының курстық жоба жинақтайты. Ол геологиялық карталарды ерікті оқу дамуына мүмкіндік жасайды және жанжақты теориялық анализдеу үшін жинаған материалдарды пайдалануды.

Курстық жобаның негізгі мақсаттары – құрылымды геология бойынша білімдерді бекіту, геологиялық құжаттарды (есептерде) құрастыру және геологиялық карталарды анализдеу алынған дағдырларын дамыту.

Ұсынылынған құрстық жобаның тақырыптары: «Карта бойынша аймақтың геологиялық құрылышын анализдеу»

Курстық жобаны құрастыру үшін оқу атлас карталарын пайдалануды ұсынылады.

Курстық жоба текст және графикалық тіркемелерінен құрастурылуы қажет.

Текст жұмысы келесі тарауларды енгізеді: кіріспе, жербедері мен өзен желісін безендіруді, стратиграфия мен интрузивті жыныстар, тектоника, аймақтың геологиялық тарихы, қорытындысын.

Графикалық тіркемелер- геологиялық карта, геологиялық қималар (1-2 шт.), тектоникалық схемалар (геологиялық картаның масштабында).